# Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 31 желтоқсандағы № 1185 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілсін.

2. Тұжырымдаманы іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша), сондай-ақ өзге де ұйымдар (келісу бойынша):

1) Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шаралардың уақтылы іске асырылуын және көрсеткіштерге қол жеткізуді қамтамасыз етсін;

2) жылына екі рет, есепті жартыжылдықтан кейінгі 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне Тұжырымдама іс-шараларының орындалу барысы туралы ақпарат беріп тұрсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі жылдың қорытындысы бойынша 15 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Тұжырымдаманың іске асырылу барысы туралы жиынтық ақпарат беріп тұрсын.

4. "Қазақстан Республикасы инвестициялық саясатының 2029 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қазандағы № 868 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі* *О. Бектенов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 31 желтоқсандағы
№ 1185 қаулысымен
бекітілген

# Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы

1-бөлім. Паспорт

| | |
|---|---|
| 2-бөлім. | Ағымдағы жағдайды талдау |
| 3-бөлім. | Халықаралық тәжірибеге шолу |
| 4-бөлім. | Қазақстандағы инвестициялық саясаттың даму пайымы |
| 5-бөлім. | Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері |
| 6-бөлім. | Нысаналы индикаторлар және күтілетін нәтижелер |
| Қосымша | Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары |

## 1-бөлім. Паспорт (негізгі параметрлер)

| | |
|---|---|
| Атауы | Қазақстан Республикасының инвестициялық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы |
| Әзірлеу үшін негіз | Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 13 қазандағы № 1042 Жарлығымен бекітілген Мемлекет басшысының 2025 жылғы 8 қыркүйектегі "Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жосп арының 5-тармағы |
| Тұжырымдаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік орган | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі |
| Бағдарламалық құжатты іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар | ҰЭМ, СІМ, ӨҚМ, ЭМ, АШМ, ДСМ, ЖИЦДМ, ТСМ , Қаржымині, Еңбекмині, ИҚҚК, БП, ҰБ, ҚНРДА, ІІМ, СРИМ, ЭТРМ, МҚІА, ҒЖБМ, БҚДА |
| Іске асыру мерзімі | 2030 жылға дейін |

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау

Жаңа жаһандық болмыс жағдайында Қазақстан инвестициялық саясатты трансформациялаудың кезекті кезеңіне қадам басуда. Терең технологиялық және геоэкономикалық ілгерілеу, халықаралық сауда-экономикалық қатынастардың жаңа архитектурасының қалыптасуы, сондай-ақ инвестициялық ресурстар үшін бәсекелестіктің күшеюі мемлекеттің инвестиция тартуға және оны тиімді пайдалануға стратегиялық көзқарасын жаңартуды талап етеді.

Ұлттық даму жоспарына (бұдан әрі – ҰДЖ) сәйкес 2029 жылы негізгі капиталға инвестициялар (бұдан әрі – НКИ) көлемі жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) 23 %-ына жетуге тиіс. ЖІӨ-ні екі есе арттыру жөніндегі міндетті ескере отырып, НКИ бойынша нысаналы индикатор 2025 жылғы 26,2 трлн теңгеден 2029 жылы 58,4 трлн теңгеге дейін өседі. Бұл ретте ҰДЖ-да сыртқы инвестиция тартуға баса назар аударылған.

1993 жылдан бастап 2025 жылдың бірінші жартыжылдығы кезеңінде елге жалпы есептеуде 469,0 млрд АҚШ доллары болатын тікелей шетелдік инвестиция (бұдан әрі – ТШИ) тартылды. Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ТШИ бойынша міндеттемелер 169,6 млрд АҚШ долларына жетті. Қазақстанның барлық сыртқы міндеттемелері, тікелей, портфельдік, туынды және басқаларын қоса алғанда, 2025 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 259,3 млрд АҚШ долларына жетті, оның ішінде 10 ірі инвестор елге (бұл – Нидерланды, АҚШ, РФ, Ұлыбритания, Қытай, Франция, БАӘ, Бермуд аралдары, Жапония және Швейцария) 200,4 млрд немесе 77,3 % тиесілі. ТШИ тарту бойынша көшбасшы салалар үштігіндегілер – тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді игеру (71 %), өңдеу өнеркәсібі (7,2 %) мен қаржы және сақтандыру қызметі (6,8 %).

Көмірсутектер мен пайдалы қазбалардың мол қоры Қазақстан экономикасының негізі болып қала беретініне қарамастан, Үкімет экономиканы әртараптандыруға күш салуды жалғастыра бермек. Президент жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары басшылық ететін Инвестициялар тарту жөніндегі кеңес сияқты формальды арналар арқылы барлық инвесторлармен белсенді диалог жүргізіліп келеді.

2025 жылы халықаралық рейтингтік агенттіктер Қазақстанның кредиттік профилінің орнықтылығы мен жақсарғанын растады: S&P Global Ratings "Тұрақты" рейтингі бойынша болжамды "Оң" болжаммен BBB-/A-3-ке дейін жоғарылатты, Fitch рейтингті "Тұрақты" болжаммен "BBB" деңгейінде сақтап қалды, ал Moody's "Тұрақты" болжаммен Baa1 ұзақмерзімді рейтингін растады. Moody's рейтингтік агенттігі халықаралық рейтингтік агенттіктер тарапынан осындай бағалауды нығайту инвесторлардың сенімін күшейтетінін, елдің макроэкономикалық тұрақтылығын нығайтатынын және капитал тарту құнын төмендетуге ықпал ететінін атап өтті.

Қазіргі кезеңде экономикалық өсуді жеделдетудің негізгі факторлары негізгі капиталға инвестиция көлемін кеңейту және тікелей шетелдік инвестиция тарту болып табылады. Осыған байланысты Үкімет ойластырылған құрылымдық саясатты жүзеге асыруда және нақты секторды қолдауды арттыруда.

Инвестициялар жаңа өндірістер құруға, өңдеу өнеркәсібін дамытуға және еңбек өнімділігі жоғары жұмыс орындарын қалыптастыруға бағытталған. Ұзақмерзімді экономикалық өсу мен тұрақтылықты қамтамасыз етуге қабілетті жоғары экспорттық әлеуеті бар салаларға ерекше назар аударылады.

Іске асырылуы басталған немесе таяу уақытқа жоспарланған нақты инвестициялық жобалардан салалық дамудың басымдықтарын көруге болады.

## 2.1. Тікелей шетелдік инвестициялардың әлемдік легінің жаһандық үрдістері

2024 жылы ТШИ жаһандық көлемі шамамен 1,4 триллион долларға жетті, бұл 2023 жылғы көрсеткіштен 11 %-ға жоғары. Алайда, егер еуропалық транзиттік экономикалар

арқылы өтетін қаржы ағындары алып тасталса, ТШИ-дің нақты көлемі 8 %-ға төмендейді.

Өңірлік бөліністе дамушы елдерге ТШИ легі 2 %-ға қысқарып, 854 млрд АҚШ долларын құрады. Негізгі төмендеу Азияның дамушы елдерінде орын алды, онда инвестициялар көлемі 7 %-ға азайды, атап айтқанда, Қытайдағы ТШИ 29 %-ға төмендеді, ал Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінің қауымдастығы елдерінде 2 %-ға болмашы өсу байқалды.

Орталық Азияда ТШИ көлемі 39 %-ға төмендеп, 4 млрд АҚШ долларына жетті ( таза құйылу), бұл ретте жаңа (Greenfield) жобалар саны 158-ден 140 бірлікке дейін 11 % -ға азайды.

McKinsey мәліметтері бойынша соңғы бес жылда жаһандық ТШИ құрылымы түбегейлі өзгерді – егер бұрын негізгі үлесті көрсетілетін қызметтер мен дәстүрлі өнеркәсіпке күрделі салымдар құраса, 2022 жылдан бастап капиталды қажет ететін технологиялық салалар жағына ауысу байқалады. Нәтижесінде жаһандық инвестициялық капитал дамушы экономикалардың қажеттіліктерін жеткілікті түрде қамтамасыз етпейді. UNCTAD және World Investment Conference есептерінде жаһандық ТШИ-дің шамамен 70 %-ы күрделі өндірістер мен жоғары кірісті көрсетілетін қызметтерге шоғырланғанын атап өтті. Бұл ретте ресурсқа бағдарланған салаларға және төмен кірісті өндіріске/базалық көрсетілетін қызметтерге инвестициялар тиісінше 3 % және 11 % деңгейінде қалып отыр.

Сонымен қатар дамыған елдерге ТШИ 522 миллиард АҚШ долларына жетіп, 43%-ға өсті. Алайда, егер еуропалық кондуит экономикаларды ескермейтін болсақ, инвестициялар көлемі 15 %-ға төмендеді. Жалпы Еуропада ТШИ 104 млрд АҚШ долларына дейін 45 %-ға төмендегені тіркелді.

Әлемдік инвестициялық саясаттағы негізгі трендтер:

1. Тікелей шетелдік инвестициялардың үздіксіз төмендеуі. ТШИ төмендеуі әлемдік экономикада тұрақсыздықтың сақталып отырғанын көрсетеді: еуропалық экономикалар арқылы транзиттік қаржы легі геосаясаттан, жоғары пайыздық мөлшерлемелер мен өсудің баяулауынан туындаған өндірістік және ұзақмерзімді жобаларға инвестициялардың нақты төмендеуін ішінара жасырады.

2025 жылға арналған болжам экономикалық және саяси жағдайларға байланысты – жалпы қалыпты өсудің болуы мүмкін, бірақ ол өңірлер бойынша біркелкі болмайды.

Макроэкономикалық көрсеткіштер, технологиялық ілгерілеу, сауда және өнеркәсіптік саясат, сондай-ақ private equity – ірі инвесторлар мен егемен қорлардың әрекеттері негізгі драйверлер болып қала береді. Мөлшерлемелердің төмендеуі теориялық тұрғыдан кредиттеуді жеңілдетеді және трансшекаралық жобаларды қолдайды, дегенмен M&A-ның күтілетін өсуі тікелей ұзақмерзімді салымдардың әлсіздігін толығымен өтей алмайды.

2. Технологиялық ілгерілеу және салалардағы құрылымдық өзгерістер ТШИ-ға әсер етуді жалғастыра бермек. Технологиялық секторлар – жасанды интеллект, бұлтты инфрақұрылым және киберқауіпсіздік – ТШИ құйылуының негізгі бағыттарына айналуда, өйткені бүкіл әлемдегі компаниялар цифрлық трансформацияға және операциялардың тұрақтылығын арттыруға инвестиция салуда.

Дата-орталықтар салу және жартылай өткізгіштер өндірісін оқшаулау жобалары тікелей инвестицияларды, сол сияқты M&A мәмілелерін де тартатын капиталды қажет ететін ірі бастамаларды қалыптастырады, бұл құзыреттердің шоғырлануына және жаңа өңірлерде жеткізу тізбектерін құруға ықпал етеді.

2024 жылы ақпараттық және коммуникациялық көрсетілетін қызметтер секторы бірігу және сатып алу мәмілелері арқылы 96 млрд АҚШ долларын тартты (бір жыл бұрынғы 68 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 43 %-ға өсті), сондай-ақ қомақты қаражат көлемі электроника мен электротехникалық жабдықтарға (21 млрд АҚШ доллары) және машина жасауға (20 млрд АҚШ доллары) бағытталды. Бұл ортамерзімді перспективада технологиялық және ілеспе салаларға капиталдың құйылуына септігін тигізетін трендтерге – есептеу қуатына, жартылай өткізгіш құрамдауыштарына және өндірісті автоматтандыруға сұраныстың артқанын көрсетеді.

3. Жаһандық сауда саясаты, тарифтер және өнеркәсіптік саясат ТШИ легі бағытында шешуші рөл атқара береді. Дамушы елдер қаржы нарықтарының құбылмалылық жағдайына төтеп бере алмайды, әсіресе қаржылық турбуленттілік жаһандық қосылған құн тізбегіне барынша интеграцияланған өңір – Азияның экономикасына әсерін тигізеді.

Капиталды өндірістік әлеуеті, инфрақұрылымы бар және жаңа сауда артықшылықтарын іске асыру мен жеткізу тізбегіндегі тәуекелдерді азайту үшін қажетті нарықтарға қол жеткізе алатын елдер тартады. Бұл үрдістер ТШИ өңірлік легінің өсуіне де ықпал етеді деп күтілуде.

4. ТШИ реттеуді күшейту үрдісі. Геосаяси және экономикалық белгісіздік аясында ұлттық мүдделерді қорғау қажеттігі дамыған елдерде, сол сияқты дамушы елдерде де ТШИ-ді реттеуді қатаңдатуға әкелді. Мысалы, Үндістан үкіметтің алдын ала мақұлдауын талап ете отырып, қорғаныс және ғарыш секторларына шетелдік инвестиция қағидаларын қатаңдатты. Вьетнам ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды телекоммуникация және жоғары технологиялар сияқты секторларда шетелдік инвестицияларды бақылауды күшейтетін жаңа "Инвестициялар туралы" Заңды енгізді. Еуропалық одақ (бұдан әрі – ЕО) елдері ұлттық қауіпсіздікке немесе қоғамдық тәртіпке қауіп төндіретін инвестицияларды міндетті түрде тексеруді енгізді.

Жекелеген дамыған елдер өнеркәсіптік решоринг деп аталатын процесті (өндірісті елге қайтару процесі) күшейтті, ұлттық қауіпсіздік саласындағы ескертпелер шамадан тыс кеңейтілді.

Осылайша, аталған трендтер әлемдік саудаға, инвестициялар мен экономикалық өсуге қысым көрсетіп қана қоймай, халықаралық сауданың құқықтық негіздері мен қағидаларын бұза бастады. Жаһанданудан өңірлендіруге қарай көшу жүріп жатыр.

**2.2. Қазақстан Республикасына макроэкономикалық шолу**

Алдын ала деректер бойынша 2025 жылғы 10 айда Қазақстан экономикасының өсуі 6,3 %-ды құрады. Өсуді қамтамасыз етуде ішкі сұраныс пен түпкілікті тұтынуға бағытталған секторлар жетекші рөл атқарды. Әсіресе инвестицияларға байланысты салалар қарқынды дамып келеді: құрылыс саласындағы өсу 15,1 %-ға, көлік пен қоймалау саласында 20,7 %-ға өсті.

Өнеркәсіптік өндіріс 7,3 %-ға өсіп, өңдеу өнеркәсібі 5,8 %-ға, тау-кен өндіру өнеркәсібі 9,6 %-ға өскен.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес 2025 – 2029 жылдар кезеңінде ЖІӨ өсімінің қарқыны 6 % деңгейінде күтіледі. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) ЖІӨ-нің 2025 жылы 5,6 %-ға және 2026 – 2027 жылдары 4,8 %-ға өсуін болжап отыр.

Жылдық инфляция 2025 жылғы қазанда 12,6 %-ды құрап, қыркүйекпен салыстырғанда 30 базистік тармаққа төмендеді. Инфляциялық процестердің біртіндеп баяулауына қарамастан, баға қысымы маңызды күйінде қалып отыр. Нәтижесінде ҚРҰБ талдаушылары инфляция бойынша болжамдарды өсу жағына қарай қайта қарады : медианалық болжам 2025 жылға – 11,3 %-дан 12 %-ға дейін, 2026 жылғы – 9,5 %-дан 10 %-ға дейін, 2027 жылға – 6,5 %-дан 7 %-ға дейін ұлғайды.

Халықаралық валюта қорының (бұдан әрі – ХВҚ) бағалауы бойынша Қазақстан экономикасының өсуі 2025 жылы 6 %-дан, ал 2026 жылы 4,5 %-дан жоғары болады. Тұрақты ішкі сұраныс, мемлекеттік инвестицияларды ұлғайту және мұнай-газ секторын қалпына келтіру өсудің негізгі драйверлері болады.

Азия даму банкі (бұдан әрі – АДБ) Қазақстанның ЖІӨ өсу болжамын 2025 жылы 5,3 %-ға және 2026 жылы 4,3 %-ға дейін жақсартты. Экономиканың тиісінше 5,5 %-ға және 4,5 %-ға өсуі болжанған осыған ұқсас бағалауды Дүниежүзілік банк (бұдан әрі – ДБ) ұсынды.

Биылғы жылдың қаңтар-қыркүйегінде сыртқы сауда айналымы 103,4 млрд АҚШ долларын құрады. Тауарлардың экспорты 57,5 млрд АҚШ долларын, оның ішінде өңделген тауарлардың экспорты 20,4 млрд АҚШ долларын құрады. Тауарлардың импорты 45,9 млрд АҚШ долларын құрады. Сыртқы сауданың оң сальдосы 11,6 млрд АҚШ долларын құрады.

Жалпы инфляциялық қысым сақталып отырған кезде ағымдағы макроэкономикалық үрдістер орнықты экономикалық өсудің үйлесімімен сипатталады. Ішкі тұтынудың өсуі және белсенді фискалдық саясат іскерлік белсенділікті қолдайды, алайда шикізат тауарларына әлемдік бағаның құбылмалылығымен, сыртқы сұраныспен

және айырбас бағамының серпінімен байланысты тәуекелдер сақталуда. Мұндай жағдайларда экономикалық саясаттың басым бағыты баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, шикізаттық емес секторлар есебінен ЖІӨ құрылымын әртараптандыру және инвестициялық белсенділікті арттыру болып қала береді.

## 2.3. Инвестициялық қызметтің ағымдағы жағдайы

Негізгі капиталға инвестициялар

2019 – 2024 жылдар кезеңінде негізгі капиталға салынған инвестициялар 12,6-дан 19,5 трлн теңгеге дейін 1,5 есе өсті, бұл ретте 2020 – 2024 жылдардан бастап ЖІӨ-ге НКИ үлесі 17,4 %-дан 14,2 %-ға дейін 3,2 п.т. төмендеді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және даму агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық ақпаратына сәйкес Қазақстандағы негізгі капиталға инвестициялар 2024 жылы 19,5 трлн теңгені құрады, бұл нақты мәнде 2023 жылғы көрсеткіштен 10,3 %-ға артық (17,6 трлн теңге).

Ағымдағы жылғы қаңтар-қазанда негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 16,0 трлн теңгені (жылдық жоспардың 61,1 %-ы) құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 13,1 %-ға артық (13,6 трлн теңге).

Инвестициялардың жалпы көлеміндегі ең көп үлес мынадай салаларда: жылжымайтын мүлікпен операциялар – 18,7 %, көлік және қоймалау – 18,1 %, тау-кен өндіру өнеркәсібі – 15,2 %, өңдеу өнеркәсібі – 10,6 %, электр энергиясымен жабдықтау – 8,8 %, білім беру – 6,5 %, ауыл шаруашылығы – 5,4%.

2024 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда нақты көлем индексінің өсуі: қаржы және сақтандыру қызметі – 182,5 %, білім беру – 158,6 %, энергиямен жабдықтау – 157,2 %, өңдеу өнеркәсібі – 123,3 %, ауыл шаруашылығы – 124,7 %, көлік және қоймалау – 114,8 %, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 108,4 %.

Өңірлер бөлінісінде инвестициялардың ең көп көлемі Астана қаласына тиесілі (12,1 %), ал физикалық көлем индексінің ең жоғары көрсеткіші Ақмола облысында байқалады (155,4 %). Тау-кен өндіру өнеркәсібі үстемдік етуді жалғастыруда, дегенмен оның үлесі азайып келеді, өңдеу өнеркәсібі өсуді көрсетті.

НКИ құрылымында сыртқы инвестициялар үлесінің 2011 жылғы 34 %-дан 2024 жылы 15,2 %-ға дейін төмендеуі өңірдегі геосаяси тәуекелдер салдарынан болған жоғары белгісіздікке байланысты. Осылайша, НКИ жалпы көлеміндегі үлес екі еседен астам қысқарған кезде негізгі капиталға доллар баламасындағы сыртқы инвестициялар 2011 жылдан бастап 11,8-ден 6,3 млрд АҚШ долларына дейін 47 %-ға төмендеген (2024 жыл).

Екінші фактор – салықтық жеңілдіктер мен мемлекет тарапынан қолдау сияқты ішкі инвестицияларға арналған неғұрлым қолайлы шарттар аясында мемлекеттік және жергілікті инвесторлар әлдеқайда белсенді бола бастаған ішкі қаржыландыру көздерінің дамуы.

НКИ қаржыландыру құрылымында меншікті қаражаттың үлесі басым – 62,8 %, одан кейін НКИ-дің 22,8 %-ы тиесілі бюджет қаражаты. Басқа қарыз қаражаты мен банктердің кредиттеріне НКИ-дің 14,3 %-ы тиесілі.

Инвестициялық белсенділікке жүргізілген талдау бірқатар жүйелік үрдістерді көрсетіп отыр. ЖІӨ-ге қатысты негізгі капиталға инвестициялар үлесінің төмендеуі байқалады, бұл экономиканың өндірістік әлеуетін қалыптастыру серпіні баяулағанын көрсетеді. Ішкі қаржыландыру көздеріне жүктеме күшейіп, сыртқы инвестициялардың үлесі қысқаруда. Екінші деңгейдегі банктердің қатысуы шектеулі болып қалуда, бұл капитал қажет ететін жобаларды ұзақмерзімді кредиттеу тапшылығын қалыптастырады. Инвестициялар шикізаттық бағдарын сақтайды, ал өңірлік құрылым жекелеген облыстарда жоғары шоғырланумен сипатталады, бұл аумақтардың теңгерімді дамуын шектейді.

Мониторинг нәтижелері бойынша ағымдағы жылғы 9 айда негізгі капиталға инвестициялар бойынша нысаналы индикатордың орындалуы 93,3 %-ды құрады, бұл қосымша мемлекеттік қолдау шараларын қабылдау қажеттігін айғақтайды.

**Тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы және таза құйылуы**

Ұлттық Банктің деректеріне сәйкес 2014 – 2024 жылдар аралығында Қазақстан экономикасына ТШИ-дің жалпы құйылуы шамамен 241,0 млрд АҚШ долларын құрады, оның ішінде 101,6 млрд АҚШ доллары тау-кен өндіру өнеркәсібіне (оның ішінде 81,3 млрд АҚШ доллары мұнай-газ саласына) тиесілі.

2024 жылы ТШИ-дің жалпы құйылуы 17,8 млрд АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы деңгейге қарағанда 25,6 %-ға аз. ТШИ-дің таза құйылуы 3,6-дан 0,2 млрд АҚШ долларына дейін, 95,8 %-ға төмендеді.

2024 жылы тау-кен өндіру өнеркәсібінде тікелей шетелдік инвестициялар легінің төмендеуі басым болды. Тау-кен өндіру өнеркәсібіне ТШИ-дің жалпы құйылуы бір жыл ішінде 6,4 млрд АҚШ долларына дейін, 26,1 %-ға төмендеді, бұл ретте ТШИ-дің таза құйылуы 2023 жылғы 0,2 млрд АҚШ долларынан 2024 жылы -2,4 млрд АҚШ долларына дейін қысқарды.

Металлургия өнеркәсібіне капитал салымдарының көлемі төмендеу үстінде: ТШИ-дің жалпы құйылуы 2,8-ден 0,8 млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. 2023 және 2024 жылдары салаға ТШИ-дің таза құйылуы теріс күйінде қалып, тиісінше -22,9 және -381 млн АҚШ долларын құрады.

Бұл 2023 жылғы көрсеткіштен (6,7 миллиард АҚШ доллары) 6,4 миллиард долларға аз болып, 2024 жылы 324,4 млн АҚШ долларын құраған қайта инвестицияланған кірістер көлемінің айтарлықтай азаюымен түсіндіріледі. Мұндай серпін шет елдер қатысатын қазақстандық кәсіпорындардың таза пайдасының төмендегені не шығындары туралы, сондай-ақ жарияланған дивидендтер көлемінің ұлғайғаны туралы айғақтайды.

Борыш құралдары бойынша инвестициялар да 671,8 млн АҚШ долларына немесе 4,4 %-ға қысқарды, ал капиталға қатысу құралдары бойынша, керісінше 944,7 миллион АҚШ долларына (47,4 %) өсу тіркелді.

ТШИ-дің негізгі үлесі дәстүрлі түрде мұнай мен газ өндіруді қоса алғанда, тау-кен өндіру өнеркәсібіне бағытталғандықтан (2024 жылдың қорытындысы бойынша 36 %), Теңізшевройл сияқты ірі мұнай-газ жобаларын іске асырудың аяқталуы 2024 жылы тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуының төмендеуіне айтарлықтай ықпал етті.

Кәсіби, ғылыми және техникалық қызметте (145,5 %-ға) және өзге де көрсетілетін қызметтерде (229,4 %) ТШИ-дің жалпы құйылуының өскені байқалды.

2025 жылғы I жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы құйылуы 1,1 %-ға ұлғайып, 10,1 млрд АҚШ долларын құрады.

Ең үлкен өсу көлік және қоймалау саласында тіркелді, онда инвестициялар көлемі 102 есе немесе 10063 %-ға өсті. Сондай-ақ тұру және тамақтану бойынша көрсетілетін қызметтерде 7 есеге (+627,5 %) және ақпарат және байланыс саласында 5,6 есеге (+ 461,6 %) айтарлықтай өсу байқалды. Қаржы және сақтандыру қызметі секторында инвестициялар 4 есеге (+315,1 %), ал ауыл шаруашылығында 3,7 есеге (+269,9 %) ұлғайды.

Сонымен қатар құрылыстағы құлдырау ең елеулісі болды, онда көрсеткіш 189,7 млн доллардан -157,7 млн долларға дейін, және тау-кен өндіру өнеркәсібі мен карьерлерді игеруде 58 %-ға төмендеген. Кәсіптік, ғылыми және техникалық қызмет саласында инвестициялар көлемі екі есеге жуық азайған (-48,2 %).

ТШИ-дің жалпы құйылуы бойынша жоспар 40,1 %-ға орындалған, бұл инвестициялар тарту жұмысын жандандыру қажеттігін көрсетеді.

### 2.4. Инвестиция тарту жүйесінің ағымдағы жағдайы

Заңнамалық база

Кәсіпкерлік кодексі және басқа да салалық нормативтік құқықтық актілер (бұдан әрі – НҚА) инвестициялық қызметті реттейтін негізгі НҚА болып табылады.

Кәсіпкерлік кодексінде шетелдік және жергілікті инвесторларға қарым-қатынас бірдей болатынына кепілдік берілген. Инвестициялық саясатта көзделген барлық қолдау шаралары нарыққа қатысушылардың бәріне бірдей қолданылады. Бұған қаржыландыруға, преференцияларға қол жеткізу, заңи қорғау және инвестициялық ахуалды жақсарту мен капитал тартуға бағытталған басқа да қолдау шаралары кіреді.

Институционалдық база

1. Инвестиция тарту процесінің институционалдық базасы мемлекеттік, квазимемлекеттік және өңірлік әртүрлі құрылымдар арасындағы үйлестірілген өзара

іс-қимылды қамтамасыз ететін сыртқы, орталық және өңірлік деңгейдегі фронт-офистер қағидаттарында үш деңгейлі жүйе шеңберінде қамтамасыз етіледі.

Сыртқы деңгейде Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері – "Kazakh Invest" ҰК" АҚ шетелдік өкілдері мен өкілдіктері, инвестиция тартуға және инвестициялық жобаларды сүйемелдеуге жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдардың шетелдік өкілдері жұмылдырылған.

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері елдік инвестициялық бағдарламалар шеңберінде шетелдік инвестицияларды тарту және елдің экономикалық мүдделерін шетелде ілгерілету жөніндегі жүйелі жұмысты жүзеге асырады, аталған бағдарламаларда пысықталатын, іске асырылып жатқан және іске асырылған жобалар туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СІМ) ұсынған ақпарат қамтылады.

Шет елдердегі мекемелер қызметінің негізгі бағыттарына шетелдік әріптестерге басым салаларды, мемлекеттік қолдау шараларын, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың мүмкіндіктерін таныстырып, таныстырылым, дөңгелек үстелдер мен іскерлік форумдар ұйымдастыру арқылы Қазақстанның инвестициялық әлеуетін ілгерілету кіреді.

Осы жұмыс шеңберінде СІМ Инвестициялар комитеті (бұдан әрі – Инвестком) " Kazakh Invest" ҰК" АҚ-мен бірлесіп жергілікті атқарушы органдар немесе орталық мемлекеттік органдар "инвестицияларға тапсырыс" түрінде белгілі бір салаға қатысты әзірлеген талдамалық материалдар мен инвестициялық ұсыныстар (тизерлер) жіберіп, шет елдердегі мекемелерге жәрдемдеседі.

Елшіліктер мен консулдықтар өздері орналасқан елдерде экономикалық үрдістерге мониторинг жүргізеді, Орталық Азия нарығына шығу әлеуеті бар компанияларды сәйкестендіреді, бизнес-қауымдастықтармен, салалық одақтармен және қаржы институттарымен байланыс орнатады.

Шет елдердегі мекемелердің өкілдері тұрақты негізде B2B және B2G кездесулерін өткізуді, шетелдік делегациялардың Қазақстанға сапарларын дайындауды, инвесторлардың мемлекеттік органдармен және "Kazakh Invest" ҰК" АҚ-мен өзара іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз етеді.

Шет елдердегі мекемелер бірлескен бастамаларды ілгерілетуге және Қазақстанның басым салаларына қаржы тартуға қатысумен қатар халықаралық қаржы институттарымен, қорлармен және бейінді ұйымдармен байланысты қолдайды.

Инвестком сыртқы деңгейді үйлестірудің орталық элементі ретінде әрекет етіп, бүкіл жүйені стратегиялық басқаруды қамтамасыз етеді. Инвестком таргеттеу үшін басым елдер мен секторларды айқындайды, жобаларды ілгерілетудің бірыңғай тәсілін қалыптастырады, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ шетелдік мекемелері мен шетелдік офистерінің іс-қимылын келіседі, сондай-ақ сыртқы деңгейдің орталық мемлекеттік органдармен және өңірлермен өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді. Инвестком арқылы

бірыңғай стандарттарға келтірілетін және шетелдік ілгерілету үшін топтама болып қалыптастырылатын өңірлік жобалық ұсыныстар келісіледі.

Мұндай тетік деңгейлер арасында тұрақты байланыс орнатады: сыртқы құрылымдар инвесторлардың қызығушылығын анықтайды, Инвестком стратегиялық басқаруды қалыптастырады және жұмысқа бағыт-бағдар береді, ал өңірлер пысықталған жобалық ұсыныстар (тизерлер) береді. Бұл инвестиция тартудың толыққанды "тұйық циклін" қамтамасыз етеді және инвесторларды сүйемелдейтін барлық жүйенің тиімділігін арттырады.

Орталық деңгейде инвестиция тарту бөлігіндегі өзара іс-қимылды Инвестком мемлекеттік құрылымдармен, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ-мен, ұлттық басқарушы холдингтермен және ұлттық компаниялармен бірлесіп жүзеге асырады.

**Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа (бұдан әрі – ҰЦИП)** орталық деңгейдегі негізгі құрал болып табылады, онда инвестициялық жобаларды іске асырудың автоматтандырылған процестерінің толық циклі қамтылған.

Мемлекеттік органдар әкімшілік рәсімдерді интеграциялау және оларды жеделдетіп жүргізу үшін ҰЦИП функционалын пайдаланады, атап айтқанда, "Жасыл дәліз" модулі рұқсаттар беру мерзімдері мен келісу процесін айтарлықтай қысқартуды қамтамасыз етеді.

Прокуратура органдары өз кезегінде инвестициялық жобаларды құқықтық сүйемелдеу және "прокурорлық сүзгі" шеңберінде мемлекеттік органдардың инвесторларға қатысты заңсыз шешімдері (тексерулер тағайындау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғау, сотқа талап қоюды беру, тыйым салу-шектеу сипатындағы шаралар қабылдау туралы және өзге де шешімдерді келісу) қабылданбай тұрып, олардың жолын кесу функцияларын орындайды.

Бас прокуратураның салалық мемлекеттік органдармен және ұлттық компаниялармен интеграциясы арқылы жер учаскелеріне оңайлатылған қолжетімділікті және инженерлік-техникалық коммуникацияларды жеделдетіп жеткізуді қамтитын реттеудің толассыз тетігі құрылады.

Осылайша, орталық деңгей инвестицияны сырттан тарту, инвесторлардың талаптары мен өңірлердің мүмкіндіктері арасындағы байланысты қамтамасыз ете отырып, сондай-ақ инвестициялық циклдің барлық кезеңінде жобаларды тиімді іске асыруға жағдай жасай отырып, жүйелік үйлестіруші рөлін атқарады.

Өңірлік деңгей жергілікті атқарушы органдарды, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ өңірлік өкілдіктері мен инвесторларды қолдайтын өңірлік ұйымдарды, оның ішінде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды, әкімдіктер жанындағы инвестиция тарту жөніндегі агенттіктерді біріктіреді. Негізгі міндеті – инвестициялық жобаларды, оның ішінде шет елдердегі мекемелер тартқан жобаларды сәтті "орналастыру" үшін барлық қажетті жағдай жасау (жер учаскелері, инфрақұрылым, қолдау).

Өңірлік деңгей жергілікті жерлерде инвесторлармен тікелей өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді, әкімшілік рәсімдердің өтуін жеделдетеді және өңірлік мүмкіндіктерді инвестиция тарту экожүйесіне тиімді интеграциялау үшін жағдай жасайды.

Өңірлік инвестициялық бағдарлама жергілікті жерлердегі негізгі құрал болып табылады, оның негізінде жобалар тартымдылығының негізгі индикаторлары бар инвестициялық ұсыныстар (тизерлер) қалыптастырылады және олар сыртқы деңгейде ілгерілету үшін Инвесткомға беріледі.

2. Квазимемлекеттік сектор субъектілері өз кезегінде инвесторларды қолдауды қамтамасыз етеді, басым жобаларды іске асыруға, экспорттық әлеуетті дамытуға және халықаралық экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға жәрдемдеседі. Аталған ұйымдардың үйлестірілген қызметі ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және инвестициялық саясаттың стратегиялық мақсаттарына атап айтқанда, мемлекеттік қолдау шараларына, қаржы құралдарына және жобаларды іске асырудың барлық кезеңінде қажетті әкімшілік көмекке қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі бірлескен жұмыс арқылы қол жеткізуге ықпал етеді.

"QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ (бұдан әрі – QazIndustry) инвесторларды қолдауды қоса алғанда, Қазақстанның өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі шаралар кешенін іске асырады. Жыл сайын негізгі сегіз салаға кешенді талдау жүргізіліп, инвестициялық паспорттар мен жол карталары әзірленеді.

Елішілік құндылықты дамыту және мониторингтеу шеңберінде QazIndustry жергілікті жерге орналастыру үлесіне әсер ететін факторларды анықтай отырып, мемлекеттік органдардың, жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялар мен жүйе құраушы кәсіпорындардың сатып алу қызметіне талдау жүргізеді. Қоғам ірі тапсырыс берушілер мен отандық өндірушілер арасында ұзақмерзімді шарттар мен офтейк-келісімшарттар жасасуға ықпал етеді.

QazIndustry арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың бірыңғай үйлестіру орталығы ретінде 16 АЭА мен 66 ИА-ға мониторинг жүргізеді және аумақтық кластерлерді дамыту процестерін сүйемелдейді.

Шикізаттық емес экспортты ілгерілету үшін "QazTrade" сауда саясатын дамыту орталығы" АҚ (бұдан әрі – QazTrade) экспортқа бағдарланған инвестициялық жобалар портфелін қалыптастыру үшін негізгі тауар нарықтарына талдау жүргізеді. QazTrade экспорттық акселерация бағдарламасының мүмкіндіктері пайдаланылады, ол сыртқы нарықтарға шығуға дайындау, бизнес-процестердің сапасын арттыру және экспорттық әлеуетті растау есебінен отандық компаниялардың инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Акселерацияны талдау және оның нәтижелері негізінде QazTrade қазақстандық өнімдер үшін перспективалы тауашаларды айқындайды, экспорттық келісімшарттарды тартуға жәрдемдеседі және отандық тауарлардың, көрсетілетін қызметтер мен жобалар

витринасын қалыптастырады, осылайша Қазақстанның сыртқы нарықтардағы позициясын нығайтып, инвесторлардың ұлттық экспорттаушыларға деген сенімін арттырады.

Қазақстанның Экспорттық-кредиттік агенттігінің (бұдан әрі – ЭКА) қызметі қазақстандық шикізаттық емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық аренадағы бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған.

ЭКА қолданыстағы өнімдер тізбесін қазақстандық өндіруші-экспорттаушылардың қажеттіліктеріне бейімдейді.

Осы жылдың басынан бері ЭКА жаңа қаржы құралын – экспорттаушылардың халықаралық конкурстар мен тендерлер шеңберіндегі келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындамау тәуекелдерін барынша азайтатын әртүрлі кепілдік түрлерін : тендерлік кепілдіктерді, келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау кепілдіктерін , келісімшарт бойынша аванстық төлемді қайтару кепілдіктері мен экспорттаушының міндеттемелерді орындау кепілдіктерін қамтитын экспорттық операцияларға кепілдік беруді табысты іске асыруда. Бұл құралдар халықаралық әріптестер тарапынан сенімді арттырады және экспорт географиясының кеңеюіне ықпал етеді.

ЭКА кепілдіктері қаржылық тәуекелдерді азайтады және отандық кәсіпорындардың халықаралық сатып алуға қатысуына жол ашып, бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

Қазақстандағы мамандандырылған қаржылық юрисдикциясы бар "Астана" халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі – АХҚО) ағылшын құқығы базасындағы ерекше құқықтық режимімен жұмыс істейді.

АХҚО қаржылық көрсетілетін қызметтер саласында тартымды жағдай жасау, бағалы қағаздар нарығын, сақтандыру нарығын, банк көрсететін қызметтерді, исламдық қаржыландыруды, қаржы технологияларын, цифрлық активтерді, электрондық коммерцияны және инновациялық жобаларды дамыту арқылы инвестициялар тарту бойынша жәрдемдесуді жүзеге асырады, дамыған инфрақұрылымды, тәуелсіз сот пен төрелікті, сондай-ақ капиталды тарту және fintech пен жасыл технологияларды дамыту алаңын ұсынады.

3. Инвестиция тарту жүйесінің барлық деңгейін қамтитын бірнеше институт пен тетіктер: Арнайы инвестициялық кеңес, Инвестицияларды тарту жөніндегі кеңес ( бұдан әрі – Инвестициялық штаб), Ұлттық инвестициялық қызмет орталығы, өңірлік инвестициялық штабтар (бұдан әрі – ӨИШ) және Инвестициялық омбудсмен жұмыс істейді.

Арнайы инвестициялық кеңес Үкімет тарапынан үйлестіру мен бақылаудың негізгі тетігі болып табылады. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің төрағалығымен өтетін кеңестерде орталық және жергілікті атқарушы органдардың белгіленген индикаторларға қол жеткізу жөніндегі қызметінің нәтижелері қаралады, жобаларды

іске асырудағы проблемалық мәселелер талданады, сондай-ақ инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыруға және инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған, орындау үшін міндетті хаттамалық шешімдер қабылданады.

Инвестициялық штаб маңызды рөл атқарады. Инвестициялық жобалардың негізгі проблемалық мәселелерін шешу Үкімет басшылығы деңгейінде қабылданады. Қажетті заңнамалық өзгерістерді анықтау бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Инвестициялық штабқа орындау үшін міндетті хаттамалық шешімдер қабылдау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң күші бар уақытша қаулыларын әзірлеу құқығы берілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты жанында тиісті бөлімше базасында мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік ұйымдардың басқа құрылымдық бөлімшелері қатыстырылған матрицалық құрылым форматындағы Инвестициялық қызмет жөніндегі ұлттық орталық (бұдан әрі – ИҚҰО) жұмыс істейді. ИҚҰО бірыңғай үйлестіруші орган болып табылады, бәсекеге қабілетті инвестициялық ахуал жасау үшін реттеушілік саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындайды, инвестициялық жобаларды сүйемелдейді және олардың іске асырылуын мониторингтейді, салааралық үйлестіруді жүргізеді және инвесторларға қызмет көрсететін мемлекеттік органдардың бизнес-процестерін оңтайландыру жөнінде ұсынымдар қалыптастырады.

ИҚҰО шешімдерін заңнама шеңберінде барлық орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, "Бәйтерек" ұлттық инвестициялық холдингі" және " Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамдарының орындауы міндетті болады.

Жергілікті деңгейде әкімдердің төрағалығымен Инвестициялық штабқа ұқсас өңірлік инвестициялық штабтар қызметін жүзеге асырады. Штабтардың жұмысы жобаларды жедел сүйемелдеуді және бейінді органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге бағытталған.

Шетелдік және жергілікті инвесторлардың жолданымдарын қарайтын, инвестициялық дауларды шешуге жәрдемдесетін және заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлейтін Инвестициялық омбудсмен институты жұмыс істейді.

Инвестициялық қызмет шеңберінде бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізілуде. "Атамекен" ҰКП-мен, салалық қауымдастықтармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жанындағы Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес сияқты консультативтік-кеңесші органдардың отырыстарына қатысатын "Қазақстан шетелдік инвесторлар кеңесі" қауымдастығы, Америка сауда палатасы (AmCham), Eurobak және басқа да шетелдік бизнес-қоғамдастықтар өкілдерімен тиімді байланыс жолға қойылған .

Бизнес-қоғамдастықпен өзара іс-қимыл шеңберінде салалық мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар басшыларының, сондай-ақ бизнес-қоғамдастық өкілдерінің

қатысуымен инвестициялық ахуалды жақсарту және экономиканың әртүрлі салаларында инвестициялық жобаларды іске асыруға тосқауыл болатын кедергілерді анықтау бойынша акселерациялар жүргізілуде.

Акселерация нәтижелері бойынша инвесторлардың жүйелі және нақты проблемалық мәселелері анықталып, одан әрі шаралар қабылдау үшін олар салалық министрліктерге жіберіледі.

4. Атаулы инвестициялық преференциялардың алуан түрлері бар.

| Р/с | Қолдау шараларының атауы | Оператор |
|---|---|---|
| 1. | Инвестициялық келісімшарт ( оның ішінде басым инвестициялық келісімшарт) | СІМ |
| 2. | Арнайы инвестициялық келісімшарт | ӨҚМ |
| 3. | Инвестициялар туралы келісім | бейінді ОМО, "Kazakh Invest" ҰК" АҚ |
| 4. | Инвестициялық міндеттемелер туралы келісім | СІМ |
| 5. | Жақсартылған модельдік келісімшарт | ЭМ |
| 6. | ІТ саласындағы преференциялар | ЖИЦДМ, "Astana Hub" ІТ-стартаптардың халықаралық технопаркі" корпоративтік қоры ( бұдан әрі – Astana Hub) |
| 7. | АӨК-ні инвестициялық субсидиялау | АШМ |

5. Елдің инвестициялық тартымдылығын нығайту және инвесторлармен ұзақмерзімді іскерлік әріптестікті қолдау мақсатында инвесторлық "Алтын виза" алудың жаңа қағидалары бекітілді.

Бұл виза арқылы кейіннен Қазақстан Республикасында 10 жылға дейінгі мерзіммен тұруға ықтиярхат алу мүмкіндігі көзделеді және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етіп және Қазақстанның инвестициялық ахуалына деген сенімді нығайта отырып, шетелдік инвесторлар үшін қолайлы әрі болжамды орта жасалады. Жаңашылдық еліміздің ашықтыққа, капиталды қорғауға және орнықты халықаралық экономикалық байланыстарды дамытуға стратегиялық бағдарын көрсетеді.

6. Қазақстанда мемлекеттің бизнеспен өзара іс-қимылы да мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі шеңберінде жүзеге асырылады.

Бизнестің МЖӘ тетігіне мүдделік танытуы ауқымды мемлекеттік қолдау құралдарының болуына (қоса қаржыландыру, жер учаскелерін беру, инженерлік және көлік коммуникацияларымен қамтамасыз ету, инвестордың инвестициялық және операциялық шығындарын өтеу және т.б.), тұрақты кепілдікке және МЖӘ шарты бойынша (МЖӘ шарттары қазынашылық органдарында тіркеледі, олар бойынша

бюджеттен төлемдер секвестрленбейді, халықаралық төрелік қолданылуы мүмкін және жобаны қаржыландыру кезінде банктер үшін кепіл ретінде салуға болады) талаптардың мүлтіксіз орындалуына негізделген.

Жекеше әріптесті іріктеу орталық немесе жергілікті мемлекеттік орган, сол сияқты инвестордың өзі бастама жасаған жобалар бойынша конкурстық негізде жүргізіледі. Тікелей келіссөздер Үкіметтің шешімі бойынша ерекше жағдайларда бірегей объектілерді құруға және пайдалануға бағытталған әрі технологиялар трансфері көзделген жобаларды іске асыру үшін жүргізілуі мүмкін.

МЖӘ тетігін дамыту Қазақстан Республикасы Үкіметінің инвестиция саласындағы басым мақсаты болып табылады. Соңғы 3 жылда МЖӘ құралы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады: жеке және мемлекеттік әріптестер арасындағы теңгерімді қамтамасыз ететін МЖӘ жобаларын іріктеу және іске асыру бойынша өлшемшарттар белгіленді, жобаларды жоспарлаудың, іске асырудың барлық процесін цифрландыру және МЖӘ шартының, экономикалық қорытындының негізгі баптарын ашық қолжетімділікте орналастыру үшін бірыңғай платформа құрылды.

Сонымен бірге ағымдағы жылы МЖӘ туралы заңға "МЖӘ туралы", "Концессиялар туралы" заңдарды біріктіру арқылы неғұрлым тұтас құқықтық негіз құруға және МЖӘ жобаларын іске асыру процесін оңайлатуға: жекеше әріптестің меншікті қаражатын енгізу жөніндегі талапты 20 %-дан 10 %-ға дейін төмендетуге, жекеше әріптесті іріктеуді жіктеу сатысында капиталдың болуын растау қажеттігін болдырмауға бағытталған түзетулер қабылданды.

Инвесторлардың МЖӘ тетігі арқылы ірі инфрақұрылымдық жобаларға қызығушылығын арттыру мақсатында МЖӘ туралы заңнамада халықаралық ерекше маңызды МЖӘ жобаларын қаржы ұйымдарының қатысуымен әзірлеу көзделген. Мұндай жобаларды әзірлеуді "ерекше маңызды" мәртебесі бар МЖӘ жобаларының тізбесіне сәйкес "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" АҚ үйлестіреді.

Оқыту іс-шараларын ұйымдастыру шеңберінде "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" АҚ жобаларды әзірлеудің нормативтік базасы мен стандарттарының ерекшеліктерін түсіндіре отырып, мемлекеттік органдардың, сол сияқты жеке сектордың да құзыретін арттырады. Бұл МЖӘ жобаларын жоспарлау мен іске асыру сапасын арттыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

7. Арнайы экономикалық, индустриялық және шағын өнеркәсіптік аймақтар (бұдан әрі – АЭА, ИА және ШӨА) Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруда негізгі рөл атқарады.

АЭА-ға қатысушылар бірқатар салықтық және реттеушілік жеңілдіктерге, жер учаскелеріне және инфрақұрылымға қол жеткізуге құқылы. Қазіргі уақытта елімізде жалпы ауданы 20,4 мың га болатын 16 АЭА жұмыс істейді.

Инвестиция көлеміне байланысты салықтық жеңілдіктер берудің сараланған тәсілін және инвестициялық міндеттемелер орындалғаннан кейін жер учаскелерін сатып алу мүмкіндігін қоса алғанда, АЭА тиімділігін арттыру бойынша шаралар қабылданды.

Алайда қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуде проблемалар бар. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректері бойынша инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу бар болғаны 57,6 %-ды құрайды.

АЭА резиденттерінің басым бөлігі ішкі нарыққа бағдарланған, бұл жеңілдікті жағдайларда бәсекелестікке тең емес жағдай туғызады.

Қосымша проблемаларға мыналар жатады: АЭА аумағында рұқсат етілген қызмет түрлерінің шектеулі тізбесі, оған қатысушылар үшін қарсы міндеттемелердің болмауы және ағымдағы АЭА-ның жұмыс істеу мерзімдерінің әртүрлі болуы.

АЭА-ға қатысушыларға қарағанда ИА-ға қатысушылар инфрақұрылым мен жер учаскелерін ғана шектеусіз қол жеткізе алады. Бүгінгі күні 66 ИА жұмыс істейді, оның 28-і дайын инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген. ӨҚМ деректері бойынша жұмыс істеп тұрған ИА аумағында 2022 – 2025 жылдар аралығындағы кезеңде 1,9 трлн теңгеден астам сомаға 301 жобаны іске асыру жоспарланған.

Шағын және орта бизнесті (бұдан әрі – ШОБ) дайын өндірістік үй-жайлармен қамтамасыз ету мақсатында шағын өнеркәсіптік аймақтар (бұдан әрі – ШӨА) құрылады . 2024 жылы ШӨА құрылысына 44,6 млрд теңге бөлінді. Осы тетікті іске асыру ШОБ-ты тиімді инфрақұрылымдық қолдауды, жұмыспен қамтудың өсуін және халықтың табысын арттыруды қамтамасыз етеді.

8. Мемлекет квазимемлекеттік сектордың 6 мың субъектісіне (мемлекеттік кәсіпорындар, АҚ және ЖШС) қатысу арқылы кәсіпкерлік қызметке қатысады, олардың 4 мыңнан астамы әлеуметтік сала кәсіпорындары (балабақшалар, ауруханалар, мәдениет үйлері және т.б.) болып табылады.

Үкімет мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту бойынша жұмыс жүргізуде. Көрсеткішке қол жеткізу квазимемлекеттік сектор субъектілерінің санын азайту, бірқатар салаларды монополиясыздандыру, ресурстарға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету және т.б. арқылы жүзеге асырылады.

Жекешелендіру процесі жүргізіліп, бәсекелес салаларда мемлекеттік кәсіпорындар санының қайта өсуіне кедергі келтіретін нормативтік шарттар жасалуда.

Ағымдағы жылы Жекешелендірудің 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру аяқталады, құны 922,1 млрд теңге сома болатын 396 мемлекеттік объект бәсекелес ортаға берілді, 69 объектіні қайта ұйымдастыру немесе тарату көзделген.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Эйр Астана" АҚ сияқты ірі мемлекеттік компаниялар IPO/SPO-ға шығарылды.

2025 жылы мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының заңнамалық негіздерін 5 -тен 4-ке дейін азайту жөнінде түзетулер қабылданды (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабы 1-тармағының 5) тармақшасын алып тастау арқылы).

Жекешелендіру жөніндегі ұлттық офистің (Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі жанындағы) жұмысы аяқталды, оңтайландыруға ұсынылатын мемлекеттік объектілердің тізбесі жасалды.

Бұл тізбеге баланстық құны 2 трлн теңгеден асатын 500-ге жуық компания кірді. Компаниялар отын-энергетика кешені, өнеркәсіп және индустрия, агроөнеркәсіптік кешен, көлік және байланыс, қаржы нарықтары және т.б. салаларда ұсынылған.

"Самұрық-Қазынаның" бірқатар активтері бойынша IPO/SPO көзделген. Бұл – құрамына Kcell және "Qazaq Green Power PLC" жария компаниясы кіретін " Қазақтелеком" компаниясы.

Оңтайландыру үш кезеңде жүзеге асырылады: 1-кезең (2026 жылы), 2-кезең (2027 – 2028 жылдар), 3-кезең (2029 – 2030 жылдар).

9. Елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында кәсіпкерлік қызметті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасалған. "Электрондық үкіметтің" eGov.kz порталы арқылы мемлекеттік тіркеуден онлайн-форматта өту мүмкіндігін қоса алғанда, бизнесті ашу және жүргізу рәсімдері айтарлықтай оңайлатылды.

ШОБ үшін кәсіпкерлердің мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге ыңғайлы қолжетімділігін қамтамасыз ететін eGov Business мобильді қосымшасы қолжетімді. Қосымша арқылы жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларды тіркеуді, лицензиялар мен рұқсаттарды ресімдеуді, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) шығаруды және қажетті құжаттарға қол қоюды қоса алғанда, eGov.kz порталының 30-ға жуық электрондық қызметін көрсету ұсынылған.

2025 жылдың басынан бері көрсетілген қызметтердің жалпы саны 3,6 млн-нан асты, ал пайдаланушылар саны шамамен 80 мыңға жетті.

10. Бүгінгі күні квазимемлекеттік сектор субъектілері мен екінші деңгейдегі банктер ұсынатын инвестициялық жобаларды қаржыландырудың бірқатар құралдары бар.

"Самұрық-Қазына" ҰӘҚ" АҚ (бұдан әрі – Қор) жетекші халықаралық және отандық инвесторлармен бірлесіп қоса инвестициялау тетігін белсенді қолданады. Қор стратегиялық әріптестермен тәуекелдерді бөлісе отырып, жобаларға миноритарлық үлеспен кіреді, бұл ретте операциялық қызметке қатыспайды, сонымен қатар инвесторларға барлық деңгейдегі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау кезінде жан-жақты қолдау көрсетеді.

Қор сондай-ақ инвестициялық ортаның ұзақмерзімді дамуына және инвесторлардың сенімін арттыруға ықпал етумен қатар, сенімді әріптес және тұрақтылықтың кепілі

мәртебесін қамтамасыз етеді. Ол айқын корпоративтік басқару жүйесіне, мемлекет тарапынан қолдауға және ірі инвестициялық жобаларды басқарудағы сараптаманың жоғары деңгейіне байланысты.

"Бәйтерек" ҰИХ" АҚ (бұдан әрі – холдинг) – Үкіметтің әртүрлі қаржылық құралдар арқылы экономиканың шикізаттық емес секторларына жеңілдікті және нарықтық қаржыландыруды ұсыну жөніндегі экономикалық саясатының негізгі құралдарының бірі. Қазақстанның орнықты экономикалық өсуіне ықпал ету жөніндегі өз миссиясын орындау үшін холдинг мынадай стратегиялық міндеттерді жүзеге асырады: кәсіпкерлікті қолдау, үлестік қаржыландыру жүйесін дамыту және халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету.

Холдинг экономиканың инвестициялық тартымдылығын арттыруды үлестік және венчурлік қаржыландыру экожүйесін тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ макроөңірде Qazaqstan Investment Corporation (QIC) құралдары арқылы дамытудың стратегиялық бағыты шеңберінде шешеді.

QIC аталған бағытты үлестік және венчурлік қаржыландыру құралдарын қалыптастыру және дамыту, оның ішінде тікелей және венчурлік инвестициялар қорларын, басқарушы компанияларды құру, оларды капиталдандыруға қатысу, сондай-ақ бірлескен халықаралық қорлар құру арқылы G2G-бастамаларды ілгерілету арқылы қамтамасыз етеді. QIC жобаларды іріктеуді, талдау жүргізуді, сараптамалық бағалауды, инвестициялық процесті сүйемелдеуді және салынған қаражаттың тиімділігін мониторингтеуді жүзеге асырады.

Үлестік және венчурлік қаржыландыру инвестициялар құнының төмендеуіне қатысты жоғары тәуекелдермен тығыз байланысты, алайда QIC халықаралық және жеке инвесторлармен бірлесіп жобаларға қатысу арқылы олар үшін жобаларды іске асыру кезінде тәуекелдері азырақ және болжамдылығы жоғары жағдайлар қалыптастырады. Шетелдік және отандық инвесторлар үшін QIC-тің болуы мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды оңайлатады, сараптамалық және талдамалық қолдауға қолжетімділікті қамтамасыз етеді, сондай-ақ капиталға кіру және кейіннен одан шығу тетіктерін тиімдірек ұйымдастыруға ықпал етеді. Осының бәрі инвесторларға инвестициялық шешімдер қабылдау және жобаларға халықаралық стандарттарға сәйкес келетін шарттармен қатысу үшін қолайлы жағдай жасайды. Осы функциялардың іске асырылуы жеке және мемлекеттік капиталды жұмылдыруға, бизнестің ұзақмерзімді қаржыландыруға қолжетімділігін кеңейтуге және Қазақстан экономикасының жалпы инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. QIC шетелдік мемлекеттік құрылымдармен, егеменді қорлармен, даму институттарымен және халықаралық қаржы ұйымдарымен проактивті жұмыс жүргізеді.

Шетелдік капиталды тартуға бағдарланған бәсекеге қабілетті тікелей және венчурлік инвестициялар қорларын қалыптастыру мақсатында басқарушы компаниялардың халықаралық корпоративтік басқару және персоналды ынталандыру

практикасына сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету қажет. Халықаралық тәжірибе білікті инвестициялық менеджерлердің болуы осындай қорлардың тиімділігінің негізгі факторы екенін көрсетеді.

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қорының базасында ШОБ-қа және бизнестің ірі жобаларына кредит беруге арналған кепілдік беру қорлары жұмыс істейді.

ШОБ-қа арналған кепілдік беру қоры кәсіпкердің кепілі жеткіліксіз болған жағдайда 7 млрд теңгеге дейінгі кредиттерге қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Кепілдіктің ең жоғары мөлшері қаржыландыру сомасының 85 %-ына дейін болады, бірақ 3,5 млрд теңгеден аспайды.

Ірі жобаларға арналған кепілдік беру қоры өңдеу өнеркәсібінің жобаларына және қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеден асатын ірі инфрақұрылымдық жобаларға бағдарланған. Кепілдіктің ең жоғары мөлшері қаржыландыру сомасының 30 %-ына дейінгі мөлшерді құрайды. Бұл қордың капиталы "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ-ның капиталдандыруы есебінен қалыптастырылады. "Қазақстан Даму банкі" АҚ (бұдан әрі – ҚДБ) қарызды жеңілдікті мөлшерлеме бойынша, "Өнеркәсіпті дамыту қоры" АҚ – лизингтік қаржыландыру бойынша, ал Kazakhstan Investment Development Fund және Qazaqstan Investment Corporation – үлестік және венчурлік қаржыландыру бойынша береді. Сондай-ақ ҚДБ мен екінші деңгейдегі банктердің синдикатталған кредиттерін қоса алғанда, ұжымдық қаржыландыру тетігі де қолданылады. Синдикатталған кредиттер қаржы институттарына тәуекелдерді бөлуге және инвесторлар үшін кредит берудің неғұрлым тиімді шарттарын ұсынуға мүмкіндік береді.

Осыған қарамастан, НКИ құрылымындағы қарыз қаражатының көлемі тек 14 %-ды құрайды (2025 жылғы 10 ай). Пікіртерім нәтижесінде көптеген инвесторлар жоғары пайыздық мөлшерлемелерге және кредит беру кезіндегі шарттардың қатаңдығына, сондай-ақ баламалы қаржыландыру көздерінің тапшылығына байланысты қарыз қаражатына қол жеткізудің қиын екендігін көрсеткен. Бұл факторлар инвестициялық жобаларды іске асыру, негізгі құралдарды кең ауқымда қолдану және жаңарту кезіндегі негізгі кедергілер болып отыр.

**Қазақстандағы инвестициялық ахуалды SWOT-талдау**

Күшті жақтары:

стратегиялық жоспарлар: инвестиция тартуға бағытталған тұжырымдамалар мен жоспарларды әзірлеу;

табиғи ресурстар: табиғи ресурстардың бай қоры;

географиялық орналасуы: Шығыс пен Батыс арасындағы ыңғайлы орналасу, көлік-логистикалық көрсетілетін қызметтердің дамыған нарығы;

даму институттары: инвесторлардың жеңілдікті кредиттер беруді, кепілдіктерді, жобаларды субсидиялауды және қоса қаржыландыруды қоса алғанда, қаржылық

құралдардың көптеген түріне қол жеткізуін қамтамасыз ететін капиталдандырылған орнықты мемлекеттік даму институттарының болуы;

ауыл шаруашылығы: ауыл шаруашылығы секторының жоғары әлеуеті;

халықаралық рейтингтер: жоғары халықаралық инвестициялық рейтингтер, 2024 жылы IMD жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіндегі 34-орын;

инвестициялық қолдау: инвестицияларды қолдаудың дамыған экожүйесі (мамандандырылған ұйымдар, даму институттары, АЭА, ИА, АХҚО, Astana Hub және т.б.);

өткізу нарықтарына қолжетімділік: сыйымды нарықтарға жақын орналасуы (ҚХР, Ресей, Орталық Азия, Таяу Шығыс);

агломерациялар: инвестициялық әлеуеті жоғары қалыптасып келе жатқан агломерациялар.

Әлсіз жақтары:

инвестицияларды үйлестіру: инвестиция тарту және ұстап қалу жөніндегі жұмыс шеңберінде әртүрлі мемлекеттік органдар мен даму институттары арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл тиімділігінің жеткіліксіз болуы;

бюрократия: бюрократияның салыстырмалы түрде жоғары деңгейі;

инфрақұрылым: инвесторлар үшін инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы (көлік-логистикалық, өндірістік, инженерлік, сауда инфрақұрылымы);

сот жүйесі: сот жүйесіне деген сенім деңгейінің төмен болуы;

ресурстарға қол жеткізу: өндіріс факторларына (жер, шикізат, энергия) ашық қолжетімділіктің жеткіліксіз болуы;

кадрлық қамтамасыз ету: біліктілігі жоғары кадрлар тапшылығы;

банк секторы: банк секторының ұзақмерзімді жобаларға кредит беруге қатысу дәрежесінің төмен болуы;

өңірлік әлеует: өңірлердің инвестициялық әлеуетті жеткіліксіз пайдалануы;

сертификаттау: өнімді сертификаттау институтының жеткіліксіз дамуы (зертханалардың, мамандардың және т.б. тапшылығы);

негізгі құралдардың тозуы: экономикадағы негізгі құралдардың тозу деңгейінің жоғары болуы және соның салдарынан шығасылар деңгейінің артуы және еңбек өнімділігінің төмендеуі.

Мүмкіндіктер:

транзиттік маршруттар: Еуропа-Қытай бағыты бойынша транзиттік маршруттарды әртараптандыру;

халықаралық сауда келісімдеріне қатысу: сауда байланыстарын нығайту және халықаралық келісімдерге қатысу жаңа нарықтар ашып, инвесторлар үшін жағдайды жақсарта алады;

АӨК: шет елдердің АӨК-ке инвестиция салуға әзірлігі;

жасыл энергетика: "жасыл" энергетикаға инвестициялардың артуы;

АКТ және көлік-логистикалық кешен (бұдан әрі – КЛК): АКТ және КЛК салаларына инвестициялардың артуы;

туризм: Қазақстанның үш жыл ішінде Дүниежүзілік экономикалық форумның Саяхат және туризм бәсекеге қабілеттілік индексіндегі позициясының жақсаруы (66-дан 52-орынға дейін);

инфрақұрылым: елдің орнықты инфрақұрылымдық негізін қалыптастыруға бағытталған 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспар (бұдан әрі – ҰИЖ) әзірленді;

шикізатты қайта өңдеу: орташа және терең қайта өңдеу жобаларын дамыту мүмкіндіктері (металлургия, мұнай-газ химиясы, химия өнеркәсібі, көмір химиясы);

барланбаған ресурстық әлеует: игерілуі әртүрлі бейіндегі шикізаттың жаңа қорларын анықтауды қамтамасыз ете алатын барланбаған және аз зерттелген айтарлықтай геологиялық ресурстардың болуы;

ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер (бұдан әрі – ҒЗТКЖ): қазақстандық ғылымды қаржыландырудың жыл сайын орта есеппен 25 %-ға ұлғаюы.

"Астана" халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) алаңын, оның ішінде оның құқықтары мен инвестициялық дауларды шешу тетіктерін қолдану.

Тәуекелдер:

ТШИ шоғырлануы: саяси тұрғыдан жақын елдерден ТШИ шоғырлануының артуы;

бәсекелестік: Орталық Азия елдері арасындағы ТШИ үшін бәсекенің артуы;

геосаяси шиеленіс: өңірдегі геосаяси шиеленістің сақталуы және қақтығыстардың өршу ықтималдығы;

мұнай-газ кешені: шикізат секторына инвестициялардың азаюы;

металлургия өндірісі: металлургия секторына инвестициялардың азаюы;

елдердің көміртегі бейтараптығына көшуі нәтижесінде Қазақстанның табиғи ресурстарының инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.

## 3-бөлім. Халықаралық тәжірибеге шолу

Инвестицияларды тиімді тарту инвесторлардың құқықтарын қорғауды, бизнес-процестерді цифрландыруды және қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді қамтитын жүйелі тәсілді талап етеді. Әлемдік практиканы талдау Қазақстанның мынадай үлгілерді қолдана алатынын анықтады:

### Инвестицияларды ілгерілету стратегиясы

Иордания халықаралық агенттіктердің қолдауымен мамандандырылған іс-шаралар арқылы инвесторларды белсенді тартуға бағытталған 2023 – 2026 жылдарға арналған

инвестицияларды ілгерілетудің кешенді стратегиясын жасады. Бұл агенттіктер Иорданияға жаһандық инвестициялық нарықта тиімді түрде ерекшеленуге көмектесіп, басым елдерде науқандар ұйымдастырады.

Бұған қоса, Иордания өзінің инвестициялық мүмкіндіктерін халықаралық форумдарда, конференциялар мен көрмелерде белсенді түрде ұсынады, бұл нақты жобаларды көрсетуге және әлеуетті инвесторлармен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Макроэкономикалық тұрақтылықты сақтау, жеке сектордың өсуін ынталандыру осындай науқандардың маңызды аспектілері болады.

Қытай да белгілі бір елдер мен аймақтардан шетелдік инвесторларды тартуға бағдарланған "Қытайға инвестиция сал" ауқымды бастамасын сәтті іске асыруда. Бұл бағдарлама шеңберінде инвестициялық лекті басқаруға және жоғары технологиялар, өндіріс, инфрақұрылым және жаңартылатын энергия сияқты басым салаларға назар аударуға мүмкіндік беретін таргеттелген маркетингтік іс-шаралар жүргізіледі.

Инвестициялық платформалар

"Бір терезе" қағидаты бойынша цифрлық платформалар инвестициялық процестерді оңайлатады. Уругвайда мұндай платформа бизнес-процестерді автоматтандырады және инвестициялық ахуал туралы ақпарат береді. Үндістанда Премьер-Министр бақылайтын PRAGATI платформасы ірі жобаларды іске асыруды жеделдетеді, ал Тайвань өтінімдер беруді оңайлататын және ірі жобалар үшін дербес менеджерлерді ұсынатын онлайн-жүйені ұсынады.

Инвестициялық қызмет

Жеке инвестициялық қызметті құру нақты өкілеттіктер мен саяси қолдау болған кезде тиімді болады.

Ұлыбританиядағы Office for Investment стратегиялық мәмілелер бойынша жылдам шешім қабылдауды қамтамасыз етеді. Таиландтағы Thailand Board of Investment және Сингапурдағы Economic Development Board салықтық ынталандыруды "бір терезе" қағидатымен үйлестіреді. Үндістандағы Invest India және Непалдағы Investment Board Nepal инфрақұрылым мен энергетикаға тікелей шетелдік инвестиция тартуға негіз болды. Ирландия Industrial Development Agency арқылы жетекші трансұлттық компанияларды тартты.

Бір орталықта инвестицияларды ілгерілету, сүйемелдеу және үйлестіру функцияларын біріктіру табыстың жалпы факторы болып табылады.

Өңірлік инвестициялық құрылымдар

Өңірлік инвестициялық құрылымдар саясаттың аумақтық тепе-теңдігі мен тиімділігіне ықпал етеді.

АҚШ пен Германияда агенттіктер (SelectUSA, Invest in Bavaria) жобаларды өңірлердің салалық мамандануын ескере отырып ілгерілетуде. Қытай мен Үндістанда жергілікті офистер "бір терезе" қағидаты іске асырады және қолдауды үйлестіреді. БАӘ мен Сауд Арабиясындағы ADIO және Invest Saudi өңірлік хабтары ынталандыру

шаралары мен инфрақұрылымдық шешімдерді ұсынады. ЕО-дағы Smart Specialisation бағдарламасы инновациялық өңірлік экожүйелерді қалыптастыруға бағытталған.

Орталықсыздандыру бәсекеге қабілеттілікті арттырып, жобалардың мақұлдануын тездетеді және инвестицияларды тиімді бөлуді қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар

Польшадағы, Оңтүстік Кореядағы, Финляндиядағы, Қытайдағы табысты өңірлік даму институттары "smart specialization", яғни "ақылды мамандандыру" қағидаты бойынша құрылады, бұл нақты мандаты мен әсерлерді өлшеудің ашық жүйесі бар салалық немесе аумақтық мамандануды дамыту дегенді білдіреді.

Ұқсас құрылымдар (өңірлік даму агенттіктері, индустриялық корпорациялар, жария-жеке холдингтер) өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты регламенттеу, KPI ашық жүйесі және жеке инвестиция тартудың әртараптандырылған құралдары жағдайында жұмыс істейді.

Экспортқа бағдарланған инвестицияларды тарту және дамыту

Вьетнам және Малайзия сияқты белсенді шикізаттық емес экспорты бар елдер кластерді қолдаудың көп деңгейлі жүйесін пайдаланады. Бастапқы кезеңдерде инвесторларға инфрақұрылымдық жеңілдіктер беріледі, ал неғұрлым терең қайта өңдеу және жоғары қосылған құн корпоративті салықтардың төмендеуімен мен жабдықтың жеделдетілген амортизациясымен ынталандырылады. Бұл тәсіл экспортты және өңірлердің экономикалық орнықтылығын арттыруды ынталандыра отырып, жобаларды қарапайым өндірістен жоғары технологиялық және бәсекеге қабілетті өнімдер жасауға көшуге ынталандырады.

Технологиялар трансфері

Тиімді трансфер құқықтық талаптармен, бірлескен кәсіпорындармен және ҒЗТКЖ қолдауымен қамтамасыз етіледі.

Оңтүстік Корея мен Сингапурда ол заңдар мен технологиялық кластерлерде бекітілген. Қытай мен Вьетнамда компаниялар технологияларды беруге және мамандарды оқытуға міндетті. Біріккен Араб Әмірліктері (БАӘ) мен Сауд Арабиясында "In-Country Value" және "In-Kingdom Total Value Add" бағдарламалары трансферді мемлекеттік сатып алу мен жеңілдіктер арқылы ынталандырады. ЕО-да бірлескен зерттеулер мен әзірлемелер барысында қалыптастырылатын зияткерлік меншік құқықтарын шартпен беру, лицензиялау және пайдалану технологиялар трансферінің негізгі тетігі болып табылады.

Инвесторлар үшін қарсы міндеттемелер тетігі

Қарсы міндеттемелер тетігі Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Түркия сияқты елдерде қолданылады. Ол берілген мемлекеттік преференциялар нақты өлшенетін көрсеткіштермен тікелей салыстырылған болуға тиіс екендігін көздейді.

Бұл міндеттемелерді орындамау жеңілдіктердің автоматты түрде жоғалуына немесе айыппұл санкцияларының қолданылуына әкеп соғады, бұл мемлекеттік

преференциялардан нақты қайтарымды қамтамасыз етеді және инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттырады.

Офтейк-келісімшарттар

Офтейк-келісімшарттар кредиттік тәуекелдерді төмендетудің тиімді құралы ретінде танылған және халықаралық практикада кеңінен қолданылады.

Аустралия мен Канадада оларды банктер болашақ ақша легін қамтамасыз ету ретінде қарастырады, бұл жобалардың алғашқы кезеңдерінде қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Чилиде оффтейк-келісімшарттар мыс және литий өнеркәсібінде белсенді қолданылады, ал CORFO (Corporación de Fomento de la Producción) мемлекеттік агенттігі оларды халықаралық инвесторларды тартуға және капитал көздерін әртараптандыруға ықпал ететін жобалық қаржыландыру элементі ретінде таниды.

Инвестициялық жобалардағы EPCF-тетік

EPCF (Engineering, Procurement, Construction and Financing) моделі инфрақұрылымдық жобаларда кеңінен қолданылады.

Қытайда EPCF Belt and Road бастамасы аясында көліктік және энергетикалық объектілерді салуда белсенді қолданылады, оған сәйкес мердігер тек техникалық іске асыруға ғана емес, сондай-ақ China Eximbank сияқты мемлекеттік банк арқылы қаржыландыруға жауап береді. Түркия мен БАӘ-де EPCF-келісімшарттар жеке инвесторлар мен халықаралық кредиторлар қатысатын концессиялық және энергетикалық жобаларды іске асыру кезінде қолданылады, бұл іске асыру мерзімдерін жеделдетеді және мемлекеттің борыштық жүктемесін азайтады.

МЖӘ-ні дамыту шаралары

МЖӘ нарығының жүйелі дамуын қамтамасыз ету мақсатында мынадай тетіктер қарастырылады: (а) Үндістанда, Бразилияда және Колумбияда жекешелік әріптестіктің нарықтық тәуекелдерін төмендету үшін көлік жобаларында сәтті пайдаланылатын ең төменгі кепілдендірілген кіріс (Minimum Revenue Guarantee); (б) Ұлыбританияның Standardisation of PFI Contracts және Infrastructure Australia Guidelines бағдарламасы шеңберінде іске асырылған салалар бойынша шарт талаптарын және үлгілік келісімшарттарды стандарттау; сондай-ақ (в) инвесторлар үшін жобалардың болжамды пулын қалыптастыратын Ұлыбританияның (National Infrastructure and Construction Pipeline) және Аустралияның (Infrastructure Priority List) бес жылдық бағдарламаларына ұқсас МЖӘ дамуының ортамерзімді бағдарламаларын әзірлеу.

АЭА дамыту шаралары

АЭА дамытудың әлемдік жетекші практикасына жоғары технологиялық кластерлер мен "жасыл" технологиялардың интеграциясы кіреді. АЭА-ны Қытай инновациялар мен орнықты өсуді ынталандыру үшін, Үндістан – IT және биотехнология секторларында дамытады. Өзбекстан өнеркәсіптік аймақтарды басқарудағы халықаралық операторлардың рөлін кеңейтуді, сондай-ақ шетелдік инвесторлар үшін

жерді жалға алу мерзімін ұзартуды жоспарлап отыр. Нидерланды резиденттерге бірқатар салықтық жеңілдіктер бере отырып, ерекше режимдегі экономикалық аймақтар арқылы инвестицияларды ынталандырудың табысты үлгісін ұсынады.

Инфрақұрылым шығындарын өтеу

Ұлыбританияда Investment Zones қолдау схемасы аясында инвесторларға инвестициялық аймақтар аудандарында, соның ішінде инженерлік желілерге қосылуды қоса алғанда, жергілікті инфрақұрылымды құру шығындарының бір бөлігіне өтемақы берілуі мүмкін. Оңтүстік Кореяда Foreign Investment Promotion Act сәйкес инвесторларға жер учаскелерін сатып алу, жолдар, коммуникациялар және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу шығыстары өтеледі. Өтемақы жоғары технологиялық және экспортқа бағдарланған бағыттарды қоса алғанда, басым салалардағы жобаларды іске асыру кезінде беріледі.

**4-бөлім. Инвестициялық саясатты дамыту пайымы**

Әлеуетті инвесторларды іздеуден және келіссөздер жүргізуден бастап оның " орналасуын" қамтамасыз етуге және жобаны одан әрі сүйемелдеуге дейінгі бүкіл инвестициялық циклды қамтитын кешенді тәсілді пайдалана отырып, инвестицияларды тартудың қолданыстағы жүйесі сақталуда.

Бұл ретте инвестиция тарту жүйесін түбегейлі жаңарту және жаңа инвестициялық циклды іске қосу үшін өсудің экстенсивті моделінен озыңқы шешімдерді қалыптастыруға, перспективалық бағыттарды анықтауға, дайын инвестициялық ұсыныстарды дайындауға және "толық бітіріп берілетін" инфрақұрылымды дамытуға негізделген проактивті өсу моделіне көшу талап етіледі.

Қазақстанның инвестициялық саясатын одан әрі дамыту инвесторлармен өзара іс-қимылдың сыртқы және ішкі құралдарды біріктіретін, жобаларды сапалы іске асыруды және инвесторлардың құқықтарын қорғаудың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін тиімді жүйесін құруға бағытталған. Елдің жаһандық трендтерін, өзекті сын-қатерлері мен стратегиялық басымдықтарын талдау негізінде инвестициялық саясаттың негізгі бағыттары айқындалды.

Біріншіден, инвестиция тарту жөніндегі шараларды күшейту өкілдіктердің сыртқы желісін кеңейту, инвесторлармен проактивті жұмыс жүргізу, салалық сараптаманы күшейту, экспортқа бағдарланған ұсыныстарды дамыту және даму институттарын инвестиция тарту процесіне интеграциялау есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Екіншіден, инвестициялық жобаларды іске асыру тәсілдерін жетілдіру өңірлердің рөлін арттыруға, әкімшілік кедергілерді жоюға, инфрақұрылымның әзірлігін қамтамасыз етуге және өндірістер үшін жағдай жасауға бағытталатын болады. Өңірлік басшылардың дербес жауапкершілігін, өңірлік инвестициялық штабтарды күшейту және өңірлік даму институттарын трансформациялау жобаларды іске асырудың жылдамдығын, болжамдылығын және сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, Қазақстан инвесторларға орнықты және болжамды инвестициялық ахуалды қамтамасыз ете отырып, олардың құқықтарын қорғау институтын нығайтуда.

Осы бағыт шеңберінде әрбір инвестициялық жобаға прокурорды жеке бекітіп, Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылуда.

Инвестициялық омбудсмен функциялары Бас Прокурорға жүктеледі, ал өңірлерде бір мезгілде өңірлік инвестициялық штабтың тең төрағасы функцияларын атқаратын ( инвестициялық прокурорлар) және жобаларды құқықтық қолдауды қамтамасыз ететін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың прокурорлары оның өкілдері болады.

Сонымен қатар инвестициялық прокурорлар инвестициялық жобаларды сүйемелдейді, оның ішінде инвесторлар үшін кедергілерді жойып, инвестициялық жобаларды іске асырудың заңдылығына инвестицияға дейінгі кезеңнен бастап инвестициялық жобаның аяқталу кезеңіне дейін, сондай-ақ преференциялар, келісімшарт, шарт немесе инвестормен жасалған келісім қолданылатын кезеңде прокурорлық қадағалауды жүзеге асырады.

Төртіншіден, инвестициялық саясатты дамыту капиталға қолжетімділікті, оның ішінде егеменді әріптестіктер есебінен қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған қаржы құралдары мен мемлекеттік қолдау шараларын кеңейтуді, исламдық қаржыландыруды кең ауқымда қолдануды (кеңейтуді), сондай-ақ даму институттарын капиталдандыруды қамтиды. Бұл ірі жобаларды қолдауға және жеке секторды белсенді тартуға жағдай жасайды.

Тікелей және венчурлік инвестициялар қорларын, басқарушы компанияларды құру кезінде Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің құжаттарды карауына байланысты рәсімдерді оңайлату мәселесін қарастыру қажет. Қолданыстағы редакциясында мұндай рәсімдер келісудің көп кезеңділігін, құжаттаманың айтарлықтай көлемі мен ұзақ қарау мерзімдерін болжамдайды, бұл транзакциялық шығасыларды арттырып, инвестициялық жобаларды жедел іске асыруды қиындатады. Тікелей инвестиция қорлары мәмілелердің жоғары динамикасы және қатаң реттеушілік уақыт шеңберін сақтау қажеттігі жағдайында жұмыс істейді, бұл олардың халықаралық баламаларымен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Келісу процестерін оңайлатып, жеделдету қорларды құру, мәмілелерді құрылымдау кезінде икемділіктің артуын қамтамасыз етуге, әкімшілік жүктемені азайтуға және инвесторлар үшін анағұрлым болжамды реттеушілік орта қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, Қазақстан жобаның барлық кезеңдегі іске асырылу барысын қадағалауға мүмкіндік беретін ҰЦИП цифрлық платформасы арқылы инвестициялық жобаларды мониторингтеудің цифрлық жүйесіне ауысады. ҰЦИП жобаларды кешенді сүйемелдеуді және инвестициялық процестің барлық қатысушысының өзара іс-қимылын қамтамасыз ете отырып, дамуын және елдің басқа цифрлық шешімдерімен интеграциясын жалғастырады.

Аталған бағыттардың іске асырылуы инвестиция тарту және елдің инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін біртұтас экожүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді.

## 5-бөлім. Дамудың негізгі қағидаттары мен тәсілдері

### 5.1. Негізгі қағидаттар

Осы Тұжырымдамада инвестициялық саясатты дамытудың мынадай негізгі қағидаттары айқындалған:

Жүйелі тәсіл: экономиканың барлық элементінің өзара байланысын ескеретін, инвестициялық қызметті реттеудің кешенді және үйлестірілген тәсілі.

Стратегиялық мақсаттармен үндестік: инвестициялық саясат елдің ұзақмерзімді стратегиялық басымдықтарымен және даму мақсаттарымен тығыз байланысты.

Проактивтілік: инвесторлардың сұраныстарына ден қоюдан перспективалық бағыттарды анықтауды және дайын инвестициялық ұсыныстарды дайындауды қамтитын озыңқы шешімдерді қалыптастыруға көшу.

Әділ бәсеке: нарықтық қағидаттарды бұрмалайтын және жеке сектордың дамуына теріс әсер ететін мемлекеттік қолдау шараларын қысқарту.

Сабақтастық: инвестициялық саясат елдегі инвестициялық ахуалдың орнықты және дәйекті дамуын қамтамасыз ете отырып, алдыңғы тәжірибе мен жетістіктер негізінде құрылады.

Басым салаларға бағдарлану: басымдық – стратегиялық маңызы бар және халықаралық нарықта бәсекеге қабілетті экономика салаларын дамыту, бұл орнықты экономикалық өсуге ықпал етеді.

Интеграциялану: инвесторлар үшін барлық қажетті процестерді, құралдар мен ресурстарды біріктіретін қолдау мен сүйемелдеудің бірыңғай жүйесін құру.

Үздіксіздік: нәтижелерді талдау, кері байланыс және өзгеретін экономикалық және саяси жағдайларды есепке алу арқылы инвестициялық саясат пен процестерді үнемі жетілдіру.

Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету: инвестицияларды ел үшін стратегиялық маңызы бар салаларға, мысалы, қорғаныстық-өнеркәсіптік кешенге, жоғары технологиялық салаларға және әлеуметтік салаға ынталандыру.

### 5.2. Инвестициялық саясатты дамыту тәсілдері

Ағымдағы жай-күйді, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық басымдықтары мен міндеттерін, жаһандық үрдістерді, сондай-ақ инвестициялық ахуалды дамытудың әлемдік практикасын талдауды негізге ала отырып, осы Тұжырымдамада инвестициялық саясатты 2030 жылға дейін дамытудың мынадай тәсілдері айқындалды.

1-бағыт. Инвестиция тарту шараларын күшейту

1. Сыртқы контурды одан әрі нығайту мақсатында негізгі өңірлерде, оның ішінде АҚШ-та, ҚХР-да, Қатарда, РФ-де, Германияда, Түркияда және Малайзияда толыққанды шетелдік өкілдіктер ашу пысықталуда.

Әрбір өкілдікте жергілікті жерлердегі инвесторлармен жедел өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, сенімгерлік қатынастар құру, жобаларды таргеттеу және проактивті іздестіру үшін командалар құрылады.

Инвестициялық капитал орталықтарындағы (АҚШ, ҚХР, БАӘ, ГФР және Оңтүстік Корея) ҚР-ның шет елдердегі мекемелерінде инвестициялар бойынша қосымша кеңесшілерді тағайындау мәселесі пысықталатын болады, сондай-ақ "Kazakh Invest" ҰК" АҚ өкілдігінің жұмысын қайта ұйымдастыру және күшейту жұмыстары жүргізіледі.

Осылайша, шетелдік өкілдіктердің қызметін қайта іске қосу инвестиция тартудың сыртқы контурын күшейтуге мүмкіндік береді.

2. Әрбір салалық мемлекеттік орган "Атамекен" ҰКП-мен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, іріктелген даму сегменттерінде он жыл ішінде жалпы қосылған құнды ұлғайтуға бағытталған жобалар тізбесін қалыптастыратын болады. Осы жобаларды іске асыру өңдеу өнеркәсібін дамытуға ықпал етеді.

3. "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ-ны трансформациялау шеңберінде инвестициялық кеңес ( бұдан әрі – Investment Board) құрылады, оның негізгі міндеті – инвесторлар іздестіру үшін кейіннен "Kazakh Invest" ҰК" АҚ-қа беру мақсатында белгілі бір перспективалы тауашаларды ескере отырып, жобаларды сапалы дайындау (құрылымдау).

Аталған міндеттің орындалуын қамтамасыз ету үшін бітімгерлік салаларда жобалық топтар құрылады және холдингтің нақты өңірлер мен салаларда іске асыруға қажетті жобаларды айқындау бөлігінде мүдделі мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі жұмысы ұйымдастырылады.

Елдік ауқымдағы экспортқа бағдарланған ірі жобалар бойынша Investment Board жобаның өміршеңдігін валидациялауды жүргізетін болады.

Қаржыландыру көлемі 7 млрд теңгеден асатын ірі инфрақұрылымдық жобаларды және өңдеу өнеркәсібі саласындағы жобаларды құрылымдау кезінде Кепілдік беру қорының ірі инвестициялық жобаларға кепілдік беруі көзделеді.

"Бәйтерек" ҰИХ" АҚ күш-жігерін мынадай негізгі бағыттарға шоғырландырады: импорт алмастыруды дамыту арқылы инфляциялық қысымды төмендету; отандық тауар өндірушілердің қолда бар өндірістік қуаттарын жүктеу; экспортқа бағдарланған компанияларды шоғырландыру және қолдау; өңірлік ерекшелікті ескере отырып, зәкірлік инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру.

4. Экспортқа бағдарланған инвестициялық жобалардың портфелін қалыптастыру және қазақстандық өнім үшін перспективалы тауашаларды айқындау үшін QazTrade Экспорттық акселерация бағдарламасының құралдарын қоса алғанда, жаһандық және салалық нарықтарға кешенді талдау жүргізетін болады. Бұл сұранысқа ие өнімдерді

дәлірек анықтауға, компаниялардың сыртқы нарықтарға шығуға дайындығын күшейтуге және орнықты сыртқы сұранысты, оның ішінде оффтейк-келісімшарттарды тарту арқылы ынталандыруға мүмкіндік береді.

Әлемдік үрдістерді мониторингтеуді, өсу нүктелерін анықтауды, тосқауыл болатын талаптарды талдауды, сондай-ақ өнімді орналастыру, логистика және өткізу арналары бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеуді қамтитын экспорттың болжамды-талдамалық навигациясының интеграцияланған жүйесі қалыптастырылатын болады, бұл экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай контурын және экспорттық әлеуетті дамытудың кешенді тәсілін қамтамасыз етеді.

Отандық компанияларды жүйелі ілгерілетуді қамтамасыз етуге және олардың экспорттық әзірлігін арттыруға бағытталған Қазақстанның экспорттық тауарларының, көрсететін қызметтері мен инвестициялық жобаларының витринасы құрылады.

5. Ағымдағы жылы "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы" АҚ (бұдан әрі – МЖӘ орталығы) құзыреті халықаралық қаржы институттарының қатысуымен "ерекше маңызы бар" МЖӘ жобаларын үйлестіру жөніндегі функциямен толықтырылды, оның шеңберінде МЖӘ орталығы салалық мемлекеттік органдардың халықаралық қаржы институттарының өкілдерімен және консультанттарымен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Осылайша, МЖӘ орталығының осы жобаларға қатысуы халықаралық стандарттар бойынша жобаларды дайындауға қабілетті білікті кадрлар мен құзыретті консультанттарды тартуды қамтамасыз етеді, сол арқылы инвесторлардың МЖӘ-нің ірі инфрақұрылымдық жобаларына қызығушылығы артады.

6. Бүгінгі күні мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері арасындағы кооперация нығайып келеді.

Инвесторларды тарту және сүйемелдеу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында Астана қаласында "Kazakh Invest" ҰК" АҚ базасында "бір терезе" қағидаты бойынша кешенді қызметтер көрсету арқылы инвесторларды қолдау және оларға қызмет көрсету жөніндегі "Kazakhstan Investment House" бірыңғай ақпараттық орталығын құру жоспарлануда. Негізгі даму институттарының барлығын бір алаңда орналастыру мүмкіндігі пысықталатын болады.

Бұл орталық "Бәйтерек" ҰИХ" АҚ-ны, "Қазақстанның экспорттық-кредиттік агенттігі" АҚ-ны, "QazTrade" АҚ-ны, "QazIndustry" қазақстандық индустрия және экспорт орталығы" АҚ-ны, "Қазақстандық мемлекеттік-жекешелік әріптестік орталығы " АҚ-ны, АХҚО экспат-орталығын, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің АӨК-ні қолдау шараларының мәселелері жөніндегі өкілдерін, сондай-ақ Бас прокуратураның Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің өкілдерін қоса алғанда, негізгі даму институттары мен бейінді ұйымдардың өкілдері шоғырланатын орталық алаңға айналады.

"Kazakhstan Investment House" тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін даму институттарының ведомствоаралық өзара іс-қимыл тиісті пысықталатын болады, онда барлық қатысушы арасындағы іс-қимылдарды үйлестіру, инвесторлардың жолданымдарын бағыттауды регламенттеу, сервистік қызмет көрсетудің бірыңғай стандарттары, жедел ақпарат алмасу, сондай-ақ ақпараттық жүйелердің цифрлық интеграциясы көзделеді. Мұндай тетік инвестицияларды барлық кезеңде – алғашқы жүгінуден бастап жобаны іске асыруға дейін дәйекті сүйемелдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және ұсынылатын қызмет көрсетудің сапасы мен жылдамдығын арттырады.

Осындай интеграцияланған инфрақұрылымды қалыптастыру жедел ведомствоаралық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге, сервистерді ұсыну сапасы мен жылдамдығын арттыруға, әкімшілік кедергілерді азайтуға және инвестициялық жобаларды бастапқы консультациядан бастап объектілерді пайдалануға беруге дейін сүйемелдеудің толық циклын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Орталықтың жұмысы екі функционалдық деңгейде: инвесторларға қызмет көрсетуге және көрсетілетін қызметтерді "бір терезе" режимінде ұсынуға бағдарланған сыртқы блокта (фронт-офистер) және сараптаманы, келісу рәсімдерін және барлық даму институттарының іс-қимылдарын үйлестіруді қамтамасыз ететін ішкі блокта ( бэк-офистер) ұйымдастырылады, бұл ашықтықты, болжамдылықты және мемлекеттің инвестициялық саясатының тиімділігін айтарлықтай арттырады.

Аталған шараларды кешенді енгізу экономиканың түйінді секторларына инвестициялардың тұрақты құйылуын, өндірістік және экспорттық әлеуеттің өсуін, инновациялық өндірістік кластерлерді қалыптастыруды, сондай-ақ Қазақстанның технологиялық егемендігін нығайтуды қамтамасыз етеді.

2-бағыт. Инвестициялық жобаларды іске асыру тәсілдерін жетілдіру

1. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті шеңберінде орталық және сыртқы деңгейден бағытталған: жер учаскелеріне, инфрақұрылымды жүргізуге және т.б. қатысты жобаларды пысықтау сапасына баса назар аударылатын болады. Жергілікті атқарушы органдар өз кезегінде инвестордың "орналасуын" қамтамасыз етуге және инвестордың нарықта қалуына айтарлықтай әсер етеді. Әкімдердің шешімдерімен жыл сайын өңірлердің инвестициялық бағдарламалары, сондай-ақ жеке инвестицияларды ынталандыру жөніндегі
іс-қимыл жоспарлары қабылданатын болады.

Әрбір өңірде жедел шешімдер қабылдауға, сондай-ақ стратегиялық сессиялар шеңберінде инвесторларды шақыра отырып, инвестициялық ахуалдың өтпелі өңірлік проблемаларын (электрмен жабдықтау, сумен жабдықтау, газ, көлік, индустриялық алаңдар және т.б.) талқылауға арналған орталықтың функцияларын орындайтын өңірлік инвестициялық штабтардың қызметі күшейтілетін болады. Олар инвестиция тартуды үйлестіруді, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мәселелерін шешуді және

жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарға инвестициялаудан кейінгі қызмет көрсетуді және олардың кеңеюіне жәрдемдесуді қоса алғанда, жобаларды толық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Бұл әкімшілік кідірістерді жоюға, болжамды жағдайлар жасауға және жобаларды іске асыру қарқынын күшейтуге мүмкіндік береді.

2. Өңірлік инвестициялық штабтар қабылдайтын шешімдер мен қызметінің ашықтығын цифрландыру және ҰЦИП-пен интеграциялау арқылы қамтамасыз ету қажет.

Интеграциялау инвестор тарапынан жолданым келіп түскен кезден және оны штаб отырысында қараудан бастап, әкімдіктің кейіннен тиісті шешім қабылдауына дейінгі және қорытынды нәтижесі ретінде инвестициялардың нақты көлемін тартуға не жаңа инвестициялық жобаны іске қосуға дейінгі толассыз логиканы құруға мүмкіндік береді.

ӨИШ тиімділігі тек қаралған мәселелердің санымен ғана емес, сонымен қатар іске асырылған инвестициялық бастамалар түріндегі нақты нәтижелермен де өлшенуі тиіс.

ӨИШ отырыстарының жоғары деңгейдегі нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін көрсетілетін қызметтер деңгейі туралы келісімдердің *(Service Level Agreement, SLA)* стандарттарына ұқсас қағидаттарды енгізу орынды, атап айтқанда, инвесторлардың жолданымдарына нақты регламенттелген ден қою мерзімдерін, сондай-ақ штаб отырыстары шеңберінде қабылданған шешімдерді орындау үшін нақты уақыт шеңберін белгілеу. Мұндай тәсіл инвесторлармен өзара іс-қимылдың болжамдылығын қамтамасыз етеді және олардың мемлекеттік институттарға деген сенім деңгейін арттырады.

Сарапшылар мен оқыту бағдарламаларын тарту арқылы ӨИШ құзыреттерін кеңейтуді қамтамасыз ету қажет.

ӨИШ шеңберінде қабылданатын шешімдердің ғылыми негізділігін қамтамасыз ету үшін салық салу, құқық, ESG халықаралық стандарттары, қаржылық инжиниринг және жобалық басқару саласындағы сыртқы сарапшылар мен консультанттарды, мамандарды тарту қажет. Бұл әлемдік талаптарға сай келетін неғұрлым салмақты және дәлелді шешімдерді әзірлеу үшін сараптамалық база қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге инвестициялық жобаларды тарту және жергілікті жерлерде, аудандық және қалалық деңгейлерде "орналастыру" кезеңдерінен бастап оларды сүйемелдеу жөніндегі мамандандырылған курстарды қамтитын өңірлік мамандардың құзыретін арттыру бағдарламасы іске қосылуға тиіс.

Оқыту бағдарламасы табысты кейстерді талқылап, жобалардың қаржылық модельдерін талдауға және бағалауға, сондай-ақ инвестиция тарту бойынша түрлі құралдарды пайдалануға бағдарланған қолданбалы сипатта болуға тиіс.

Оқытуды әзірлеуге және өткізуге білікті сарапшы-практиктерді, оның ішінде бизнес-қоғамдастық пен даму институттарынан, сондай-ақ ұлттық даму институттарынан ("Даму" КДҚ" АҚ, "ҚДБ" АҚ, "АКК" АҚ және т.б.) тарту – ұсынылып отырған тәсілдің түйінді ерекшелігі.

Бұл бастаманы іске асыру өңірлерде инвестициялық жобаларға бастама жасауды, пысықтауды, сүйемелдеуді, үздік тәжірибелерге сүйене отырып, өңірлік ерекшеліктерді ескеруді, сондай-ақ әлеуетті инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау кезінде өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін тиімді ұсынуды меңгерген құзыретті мамандар пулын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жеке жауапкершілік пен жобалық сүйемелдеу тетігін енгізу талап етіледі.

Практикалық нәтижелерге қол жеткізу үшін әрбір нақты жобаға жауапкершілікті бекіту қажет. Өңір әкімінің орынбасарлары қатарынан "case manager" қағидаты бойынша куратор тағайындау ұсынылады. Мұндай куратор жобаны кешенді сүйемелдеуге дербес жауапты болып, мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруді және туындайтын кедергілерді жедел жоюды қамтамасыз ететін болады.

Бұл тетікті енгізу жұмыстың атаулылығы мен нәтижелілігін едәуір арттыруға, жауапкершілікті дербестендіру есебінен шешімдер қабылдауды жеделдетуге және өңірлік басшылардың сезілетін инвестициялық нәтижелерге қол жеткізуге мүдделігін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

3. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларды (бұдан әрі – ӘКК) трансформациялау оларды толыққанды өңірлік даму институттарына айналдыруға бағытталады, олар активтерді тиімді басқаруды, жобаларды қолдауды және инвесторлармен барлық кезеңдегі жұмысты қамтамасыз ететін болады.

Әкімдіктердің қосылған құнның барлық тізбегін қамтитын кешенді инвестициялық жобаларды әзірлеп, іске асыруымен бірге өз өңірінің экономикасын дамытудың басым салалық бағыттарын айқындағаны жөн.

ӘКК қызметін өзінің өңірлік кластерлерін: агроөнеркәсіптік, энергетикалық, металлургиялық, туристік, индустриялық, логистикалық және басқа да өңірлік кластерлерді дамытуға шоғырландыру ұсынылады.

Тиімділігі төмен және әлеуметтік бағдарланбаған жобаларды бөліп, ӘКК активтерінің портфелін қайта құрылымдау, капиталды қызметтің перспективалық бағыттарына қайта бөлу талап етіледі.

Жауапты тұлғалардың, оның ішінде жалғыз акционер ретіндегі әкімдіктің KPI ӘКК қызметінің нәтижелерімен байланысты болуға тиіс.

4. АӨК, тамақ, жеңіл және жоғары технологиялық өнеркәсіпті қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін инвесторлардың АЭА-ға және ИА-ға кіру тәртібін оңайлату қажет . АЭА-ны трансформациялау (тиімділігін арттыру) бойынша, оның ішінде оларды басқаруға шетелдік компанияларды қоса алғанда, жеке компанияларды ықтимал тарта отырып, ұсыныстар әзірленетін болады.

АЭА және ИА жұмысын трансформациялау қатысушылар үшін де, сол сияқты басқарушы компаниялар үшін де заңнамалық нормалар жетілдіруге негізделеді. Бұған қоса, мемлекет тарапынан алаңдарды инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерімен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғасады.

Инвестициялық жобаларды уақтылы іске қосу үшін алаңдардың әзірлігін қамтамасыз ету қажет.

АЭА және ИА басқарушы компанияларының АЭА мен ИА-ға қатысушылар арасындағы пайдаланылмайтын инфрақұрылымдық қуаттарды бөлуге (қайта бөлуге) қолжетімділігі қамтамасыз етілетін болады. АЭА инфрақұрылымының дайындық деңгейі біртіндеп 100 %-ға дейін жеткізіледі.

МЖӘ жобаларын іске асыруды қамтамасыз ету үшін салалық мемлекеттік органдардың ұсыныстарын ескере отырып, "ерекше маңызды" МЖӘ жобаларының тізбесін қалыптастыру үшін жыл сайын халықаралық қаржы институттарымен жаңа жобаларды пысықтап отыру қажет.

Жер учаскесін беру, құрылысқа рұқсат алу, электр энергиясына, суға және су бұруға қосылу тәртібін қоса алғанда, бірқатар мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің цифрландыру көмегімен оңайлатылуы күтілуде.

Инвестициялық жобаларды белсенді іске асыру және жаңа өндірістерді іске қосу ішкі нарықтың отандық өніммен қамтамасыз етілуін арттыруға және импортты алмастыруға ықпал ететін болады.

Қазақстанда бәсекеге қабілетті инновациялық экожүйені қалыптастырып, елді жоғары технологиялық инвестиция тартуға арналған жетекші алаңға айналдыру қажет.

Осы мақсатта университеттер базасында жетекші шетелдік жоғары оқу орындары мен компаниялардың қатысуымен түйінді секторларда (АӨК, жоғары технологиялар, қайта өңдеу, энергетика) технологияларды бірлесіп әзірлеу және енгізу үшін қазақстандық кәсіпорындарды, шетелдік әріптестерді және ғылыми орталықтарды біріктіретін коммерцияландыру офистері құрылатын болады.

Сонымен бірге Қазақстанда корпоративтік технологиялық акселераторларды орналастыру мақсатында трансұлттық корпорацияларды (Microsoft, Samsung, Siemens, Huawei және т.б.) тарту жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жүргізіледі.

Жобалар бірыңғай инновациялық экожүйені – салалардың инвестициялық тартымдылығын арттыратын жеке, мемлекеттік және ғылыми құрылымдар әріптестігін қалыптастырып, білім беруді, жергілікті мамандардың біліктілігін арттыруды және технологиялық дамуды жеделдетуді қамтамасыз ететін болады.

3-бағыт. Инвесторлардың құқықтарын қорғау

Қазақстан инвесторлар құқықтарының қорғалуын күшейтуді орнықты және болжанатын инвестициялық ахуалды қалыптастырудың басым бағыты ретінде қарастырады. Басты мақсат тұрақтылық пен инвестициялық ортаға сенімділікті қамтамасыз ететін құқықтық және институционалдық тетіктердің тиімділігін арттыруға негізделеді.

Осы мақсатта Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитетінің жанынан дауларды сотқа дейінгі шешу жөніндегі арнайы алаң құрылатын болады.

Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті инвестициялық жобаларға дербес жетекшілік ету, инвесторлардың жолданымдарын "толық пысықтау" форматында қарауды қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды іске асыру кезеңдеріне, оның ішінде ақпараттық жүйелер арқылы мониторингтеу жүргізу, сондай-ақ Инвестициялар тарту жөніндегі кеңес (Инвестициялық штаб) және өңірлік инвестициялық штабтар шешімдерінің орындалуын мониторингтеу функцияларын жүзеге асырады.

Инвестициялық омбудсменнің функциялары Бас Прокурорға жүктеледі, ал өңірлерде бір мезгілде өңірлік инвестициялық штабтың тең төрағасы функцияларын атқаратын және жобаларға құқықтық қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін облыстардың , республикалық маңызы бар қалалардың және астананың прокурорлары ( инвестициялық прокурорлар) оның өкілдері болады.

Инвесторлардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылын жеңілдету мақсатында инвесторлар үшін (ҰБ-ны қоспағанда) барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізбесі қалыптастырылып, "жасыл дәлізде" тұрған барлық инвесторлар үшін оларды көрсетудің қысқартылған тәртібі (көзделген мерзімнен 30 %-50 %-ға) қолданылады.

Жаңа екіжақты инвестициялық келісімдерді (бұдан әрі – ЕИК) әзірлеп, қол қоюға ерекше назар аударылады. Мемлекеттік жоспарлау стратегиясы шеңберінде 2030 жылға дейін жыл сайын кемінде бір ЕИК-қа қол қою көзделген. Бұл келісімдердің негізгі шарттары экспроприациядан қорғауды, капиталды еркін аударуды және халықаралық төрелікке қол жеткізуді қамтиды.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымының даму мақсатында инвестицияларға жәрдемдесу туралы келісімінің ережелері мен қағидаттарын ұстанып, ұлттық инвестициялық саясатты қалыптастыру және іске асыру кезінде соларға бағдарланатын болады. Осы қағидаттарға сүйене отырып, ел инвестициялық ахуалды жақсарту және инвестициялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыс істейтін болады: әкімшілік рәсімдерді оңайлату және бизнесті жүргізу үшін неғұрлым ашық және болжамды жағдайлар жасау арқылы тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуына жәрдемдесудің және инвесторлардың сенімін нығайтудың тиімді тетіктері қалыптастырылады, бұл ұзақмерзімді перспективада Қазақстанның орнықты дамуына ықпал етеді.

4-бағыт. Қаржы құралдарын және мемлекеттік қолдау шараларын кеңейту

Қаржы ресурстарына қол жеткізу, атап айтқанда, кредиттік қаражаттың жетіспеушілігі инвестициялар үшін елеулі кедергі болып отыр.

Негізгі капиталға инвестициялардың құйылуын қамтамасыз ету мақсатында " Бәйтерек" ҰИХ" АҚ 15-20 млрд АҚШ доллары нысаналы таргетіне қол жеткізе отырып , жаңа жобаларды қаржыландыратын болады, нәтижесінде синдикатталған қаржыландыру/қоса қаржыландыру құралдарын қолдану арқылы банк секторының

ресурстарын тарта отырып, күш-жігер жұмылдырылады. Бұл міндетті Үкімет холдингті жыл сайын кемінде 1 трлн теңге сомаға қаржыландырған жағдайда жүзеге асыруға болады.

АХҚО базасында мемлекеттік және корпоративтік сукук шығару арқылы исламдық капитал нарығын дамыту, сондай-ақ Ислам ынтымақтастығы ұйымы мен Таяу Шығыс елдерінен инвестиция тарту жөніндегі бағдарлама жасау және іске асыру мәселесі қаралады.

Сондай-ақ цифрлық активтермен мәмілелер жасасу кезінде крипто-фиат арнасын пайдалану жоспарлануда.

Сонымен қатар ғылымды қажетсінетін кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру мақсатында патенттер мен технологияларды коммерцияландыру бойынша мемлекеттік қолдау іске асырылатын болады.

Тікелей инвестициялар тетіктері, басым жобаларға бірлесіп инвестициялау, бірлескен облигациялар шығару және жекелеген қорларды құрмай, АХҚО арқылы капиталдарды орналастыру арқылы басқа елдердің егеменді қорларымен стратегиялық әріптестікті дамыту қажет.

Екінші деңгейдегі банктердің еркін өтімділігін экономикалық айналымға белсенді тартуға арналған құралдарды кеңейту қарастырылады.

Жалпы АХҚО инвестициялық режимі тікелей шетелдік инвестиция тарту экожүйесіне және экономиканың нақты секторын қаржыландыруға тартылатын болады .

Мынадай өлшемшарттарға негізделген шетелдік инвестицияларды тартуға қайта бағдарлай отырып, АХҚО жеңілдіктерін беру шарттары қайта қаралады:

жеңілдіктерге үміткер инвесторлар үшін кіру шегін белгілеу;

жеңілдіктер берілетін инвестиция тарту үшін негізгі секторларды айқындау;

нақты экономикалық қызмет көрсеткен компанияларға жеңілдіктер беру, оның ішінде жұмыс орындарын құру және өндірістік қуаттарды өрістету, жергілікті қамту талаптарын сақтау және отандық тауар өндірушілерін қолдау арқылы беру;

жеңілдіктерді ұлттық заңнама талаптарын айналып өту үшін пайдалану мақсатында отандық бизнестің АХҚО аумағына көшуіне жол бермеу.

Офтейк-келісімшарттарды қарыз капиталын алу үшін сенімді кепіл ретінде қабылдау мүмкіндігін қарастырған жөн.

Қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету үшін мынадай шаралар қабылданады:

МҚҰ қаржыландыруын тарту;

салықтық шегерімдер арқылы инвестордың шығындарын өтеу;

инвесторлармен EPCF-келісімшарттар тетігін енгізу (Engineering, Procurement, Construction, and Financing).

Рейтингтік көрсетілетін қызметтер нарығын дамыту және кредиттік тәуекелді бағалау кезінде сараптаманы күшейту жоспарлануда. Бағалы қағаздар нарығы туралы

заңнаманы Бағалы қағаздар нарығын қадағалау жөніндегі еуропалық басқарманың ( ESMA) стандарттарына сәйкестендіру жөніндегі ұсыныстарды қалыптастыруға ерекше назар аударылатын болады.

Ұжымдық инвестициялар нарығын дамытуға және оны үздік халықаралық практикаға сәйкестендіруге ерекше назар аударылады. Капитал нарығы инфрақұрылымының тиімділігін арттыру мақсатында "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ны (БҚОД) жергілікті есеп орталығынан өңірлік есептік-тіркеу хабына трансформациялау жоспарланған.

Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жобаларды іске асыру үшін карбон қорын құру, сондай-ақ кепілдіктер беру үшін орнықты облигацияларды және басқа да "жасыл" қаржы құралдарын пайдалану мүмкіндіктерін бағалау көзделеді.

Мемлекеттік сатып алу шеңберінде жеткізу тізбектерін бағалау үшін кросcплатформалық шешімдерді енгізу мүмкіндігіне талдау жүргізу сатып алу қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының кредиттік портфельдерінің көміртегі ізін бағалау бойынша ұсынымдар әзірленетін болады, бұл орнықты даму қағидаттарын қаржы секторының қызметіне интеграциялауға және инвесторлардың ұлттық капитал нарығына деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

5-бағыт. Жобаларды іске асыру барысын цифрландыру және мониторингтеу

Тартудың және сүйемелдеудің ашықтығын, қолжетімділігі мен тиімділігін арттыру мақсатында инвестициялық саясатты цифрлық трансформациялауды қамтамасыз ету жоспарлануда.

ҰЦИП платформасында жер учаскелері, инфрақұрылым, салықтық жеңілдіктер мен мемлекеттік қолдау, инвестициялық жобаларды іске асыру шеңберінде құрылған жұмыс орындары туралы деректер көрсетіледі.

ҰЦИП-ты "E-Otinish" ақпараттық жүйесімен интеграциялау инвесторлардың жолданымдарын қабылдау мен өңдеудің бірыңғай цифрлық контурын құруға мүмкіндік беріп, оларды ашық және толассыз қарауды қамтамасыз етеді.

